



● САЙЛАУ – 2015



Машина жасаушылар байламы

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Қостанайдағы "АгромашХолдинг" кәсіпорыны ел Президенттігіне "Нұр Отан" партиясы ұсынған үміткерді қолдау акциясын ұйымдастырды.

– "Нұр Отан" партиясы ұсынып отырған үміткер біздің де таңдауымыз, – дейді кәсіпорын жұмысшылары.

Бүгінде кәсіпорын әлемдік брэндке айналған көліктердің 40-тан астам түрін шығарады. Алып өнеркәсіп ел индустриясының кемелді болашағына баланып отыр. "АгромашХолдинг"

акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Алексей Сидоренко Қазақ елі әлемдік аренада биік беделге ие болғандығын атап өтті. Осындай зор жетістіктердің арқасында еліміздің әлеуеті арта бермек.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ИНВЕСТИЦИЯ ИІРІМДЕРІ

Жаңа жоба мақұлданды

Облыс әкімі Нұралы Садуақасов "Kaz-ir Agro" бірлескен қазақ-иран ЖШС-нің Бас директоры Хамидрез Забихоллах Алинагиянмен кездесті. Екі жақты кездесуге серіктестіктің Қазақстандағы өкілі Қ.Әбденев, облыс әкімінің орынбасарлары Б.Жақыпов, С.Карплюк, Жітіқара ауданының әкімі М.Өтешевтер қатысты.

Кездесу барысында тараптар өзара қарым-қатынасты нығайтуға және өңір экономикасын дамытуға уағдаласты.

Қазіргі таңда "Kaz-ir Agro" ЖШС-і сафлор өсіріп қана қоймай, күнжара майын өңдейтін кәсіпорынды іске қосқан. Бұл өндіріс ошағы Жамбыл облысында пайдалануға берілді. Кәсіпорын күн сайын 100 мың тонна май өндіреді, ал 2017 жыл-

ға қарай оның көлемін 500 мың тоннаға дейін ұлғайтуды көздеп отыр. Сафлор майы Ресейге, Гүржістанға, Иранға, АҚШ-қа және Қытайға экспортталады.

Зауыт құрылтайшыларының ендігі мақсаты, өндіріс аясын кеңейту болып отыр. Бұған Жітіқара ауданының Волгоград ауылы таңдалған. Серіктестік сол жерде сафлор өсіріп, Жітіқарадағы индустриалдық аумағында өнім

өңдейтін цех ашпақшы.

Бұл мақсатқа шамамен 300 млн.теңгедей қаржы қажет. Соның 50 млн.теңгесін серіктестік өз қалталарынан шығарады. Ал қалған 250 млн. теңгеге несие арқылы қол жеткізбек.

Жаңа кәсіпорын іске қосылғанда 40 адамға жаңа жұмыс орны ашылады және тәулігіне 7 тоннаға дейін өнім өндіретін болады.

● САЙЛАУ – 2015

Штаб құрылды

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

«Нұр Отан» партиясының Арқалық қалалық филиалында 26 сәуір – ҚР Президент сайлауы күніне орай партияның сайлауалды штабы құрылды. Бұл жөнінде қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н. Хамзин мәлімдеді.

Құрамында 11 адам бар штаб 26 наурыздан бастап, бір ай мерзімінде жұмыс істейді. Штабтың негізгі мақсаты «Нұр Отан» партиясының ұсынған кандидатын қолдау, үгіттеу, насихаттау. Дауыс беруге елді ұйымдастырып, шақыру. Сонымен қатар, қалалық штабта халықтың мұң-мұқтажын жоғары жаққа жеткізіп отыру үшін қоғамдық қабылдау бөлмесі қызмет көрсетеді.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: «Нұр Отан» партиясының Арқалық қалалық филиалының штабы. Суретті түсірген автор.

Айлық өтуде

Карлығаш
ОСПАНОВА

Қазір еліміз бойынша туберкулездің алдын алу мақсатында айлық өткізілуде. Ақпанның 24-нен басталған бұл шара наурыздың 24-не дейін жалғаспақ. Осы орайда, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының мамандары облыстық онкологиялық диспансерде дөңгелек үстел өткізді.

Басқосуға жиналған мамандар құрт ауруы туралы, оның алдын алу мен емдеу жолдары туралы айтты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы алға тартқан дәрігерлер кез келген адамның өз денсаулығына немқұрайлы қарамай, қандай сырқат болса да дер кезінде емделу керектігін тілге тиек етті.

– Бұрын құрт ауруына көп жағдайда әлеуметтік жағдайы төмендер көп шалдығады деуші еді, қазір бұл дерт жасты да, жағдайды да талғамайтын болды. Әлеуметтік жағдай өз алдына, бүгінде бұл дертке қатты күйзеліске ұшырағандар да шалдығатын болған. Емделуі ұзаққа созылатын бұл сырқат жалғыз өкпені ғана емес, ағзаның басқа мүшелерін де зақымдауы мүмкін. Сондықтан, аурудың белгілері білінсе, дереу дәрігерге көріну қажет. Айлық барысында біз аурудың алдын алу мақсатында көптеген шараларды ұйымдастырып, аталмыш дерт жайында халыққа кеңінен ақпараттандырып жатырмыз, – дейді бағдарлама үйлестірушісі Рабиға Наукенова.

Болашаққа жасалған батыл қадам

Облыста ҚР Президенттігіне үміткер Н.Назарбаевтың сайлауалды штабы құрылды

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы ҚР Президенттігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау қоғамдық штабын құру туралы брифинг өткізді. Алқалы жиынды партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әлия Сапарова ашып берді.

11 наурыз күні Астанада партия көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың төрағалығымен «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI съезі өткен болатын. Осы жолы партия отырысына 2000-нан аса адам қатысты. Олардың ішінде Парламент депутаттары, мемлекеттік басқару органдарының, ұлттық компаниялардың басшылары және қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері болды. Съезд төңірегінде «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің жұмысы мен Орталық бақылау-ревизиялық комиссиясының есебі талқы-

ланып, олардың құрамы сайланды. Съезд делегаттарының шешімімен «Нұр Отан» партиясының атынан ҚР Президенттігіне Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын ұсыну туралы қаулы шығарды. Партия осы күннен бастап еліміздің әр облысында қоғамдық штабтар құру жұмысын қолға алды. Ал белгілі саясаткер Мұхтар Құл-Мұхаммед президенттікке үміткер Нұрсұлтан Назарбаевтың сайлауалды штабын басқаратын болды.

Өз кезегінде Әлия Сүйіндікқызы Елбасын қолдау штабы төрағасы Сәкен Төкеновты таныстырды. Осыған дейін Сәкен Мәкенұлы Рудный қаласының әкімі, Қостанай қаласы әкімінің орынбасары, облыстық және қалалық мәслихаттардың хатшысы сияқты бірнеше лауазымды қызметтерді атқарған.

– Бәріңізге белгілі, биылғы жыл Қазақстан үшін елеулі болғалы тұр. Ақпан айында Қазақстан халқы ассамблеясының елімізде Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу жөнінде ұсыныс жа-

саған болатын. Бүгінде ол ұсыныс барша қазақстандықтардың қолдауына ие болды, – деді өз сөзінде Сәкен Төкенов.

Жалпы, облысымызда 4 қалалық, 16 аудандық және 1 облыстық штаб жұмыс істейтін болады. Қоғамдық штабтың басты мақсаты – Нұрсұлтан Назарбаевтың сайлауалды бағдарламасын ел ішінде кеңінен түсіндіру, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу және оның кандидатурасын жан-жақты қолдауға қол жеткізу. Штаб «Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын қатаң сақтайтындығына уәде етті. Барлығы 48 адамнан тұратын облыстық штаб құрамына қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, ғылым және мәдениет салаларының көрнекті өкілдері, ЖОО басшылары, соғыс және еңбек ардагерлері енді. Мұның сыртында бір жарым мыңға жуық ерікті сайлауды өткізуге көмек көрсетуге ынта білдірген.

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.



«Менің Елім – Мәңгілік Ел»

Қазақстан халқы Ассамблеясының Қостанайдағы орталығының ұйымдастыруымен «Менің Елім – Мәңгілік Ел» атты онкүндік басталды. Л. Толстой атындағы облыстық кітапханада оның ашылу салтанаты өтті.

– Көп ұлтты Қазақстан халқы береке бірлікте өмір сүруде. Қазіргі жаһанда болып жатқан саяси қиырқыларға қарамастан біздің елдің шаңырағы шайқалмай, тыныштық орнаған. Бұл Елбасымыздың салиқалы саясатының жемісі. Осыдан 20 жыл бұрын ҚР Президенті Қазақстан халқы ассамблеясын құрып, ұлт пен ұлыстардың басын қосты. Бұл ТМД елдерінде жоқ бірегей институт – деп сөз бастады «Достық үйі» жетекшісінің орынбасары, облыстық Қазақстан халық ассамблеясының ғылыми-эксперттік тобының мүшесі Алпыс Қожахметов.

Шара барысында «Кітап – достықтың кепілі» атты көрме ашылды. Елімізде тұрып жатқан әр ұлт өкілі әдебиетінің бірегей туындылары көрменің көркін келтіріп тұр. Өзге ұлттың мәдениеті пен әдебиетіне қызығушы оқырман өз талғамына қарай кітап таба алады. Сонымен қатар әр ұлттың қолөнер бұйымдары көрмені тамашалауға келген қауым назарына ұсынылып отыр.

Алдағы күндері іс-шара аясында «Толеранттылық пен ұлтаралық келісім – мемлекет тұрақтылығының кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел өтеді. Ұлтаралық және дінаралық қатынастарда ұстамдылық таныту мәселесі әңгіме өзегіне айналмақ.

Он күн ішінде «Ен-Коди» корейлер этномәдени бірлестігінің өкілдері кездесу ұйымдастырмақ. Сонымен қатар «Ассамблея – татулықтың түп қазығы» атты кездесуде «Асаба» қырғыз ұлттық мәдени орталығының президенті Қанатбек Беделбеков Ассамблеяның тарихы мен өңірімізде атқарылып жатқан жұмыстары туралы әңгімелемек.



Көркем фильм көрермендеріне кинолекторий өткізу де онкүндіктің жоспарына енгізілген іс-шаралардың бірі. Көрермендерге әртүрлі жанрлардағы қазақ, орыс және басқа ұлттар киносының классикасы, қазіргі заманғы фильмдер көрсетілмек.

Дүниежүзілік поэзия күні қарсаңында облыстық кітапханада Ресейдің Челябинск қаласының «Вдохновение» әдеби студия-

сының мүшелері және Челябинск облысы жазушыларының әдеби қауымдастығы өкілдерімен кездесу өтеді. Бүгінгі күнгі поэзия ақындар кездесуіне арқау болып отыр. Бұл да болса ұлттар арасындағы ғана емес, екі ел арасындағы татулықтың, достықтың белгісі.

Махаббат БЕКБАЙ.
Суреттерді түсірген Айбек Жүзбай.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

МІНДЕТ АЙҚЫН

**Нұрболат
МЕШІТБАЕВ**

26 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті сайлауы өтпек. Бұған өңірдегі дайындық барысын пысықтау мақсатында облыстық әкімдікте аппарат жиыны өтті.

Сондай-ақ, алқалы отырыста жылу маусымының аяқталуы һәм көктемгі егіс, су тасқынына дайындық, бекітілген облыстық бюджеттің есеп-қисабы талқыға түсті.

Сәуірдегі басты оқиғаға қатысты облыстық сайлау комиссиясының төрайымы Антонина Маркова есеп беріп, аталған шара күнтізбелік жоспарға енгізілгенін, соған сәйкес 847 участка, 20 аймақтық және облыстық сайлау комиссиясы қатысатындығын мәлімдеді. Бұлардың орналасу шекаралары қалалық, аудандық БАҚ-та жарияланғанын да жеткізді.

— Осы жылдың 1 қаңтарындағы дерекке сүйенсек, өңір бойынша сайлаушылар 549 717 адамды құрап отыр. Бірақ бұл алдағы уақытта өзгеріп кетуі де ықтимал. Әрбір аймақтарда колл-орталықтар жұмыс істейтіні, сайлаушылар өзіне

қажетті ақпаратты осы орталықтардан алуға болады, — деді Антонина Маркова.

— Біз мұны әбден пысықтап алуымыз қажет. Кейбір шалғай жерлерде орналасқан ауыл-аймақтағы сайлаушылар тек қана ақпаратпен ғана емес, басқа да қажетті жағдаймен қамтамасыз етілуі қажет. Мұны аппарат басшысы Арман Әбеневке нықтап тапсырамын, — деді өңір басшысы Нұралы Садуақасов.

Бұдан кейін үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары әрбір аймақтағы халыққа толық жеткізілуі әрі үміткерлермен кездесетін орындар алдын-ала белгіленіп қоюы қажеттігі де пысықталды.

Ал, мәжілісте талқыға түскен тағы бір тақырып — жылу маусымының аяқталуы жөнінде энергетика және ТКШ басқармасының басшысы Хайдар Қамбаров мәлімдеме жасады.

Оның айтуынша 2014-2015 жылдары өңірдегі жылу маусымы ойдағыдай өткен. Барлығы штаттық кестеде жұмыс істеп газ, су, жылу, электр энергиясы қызметтері жоспарлы түрде міндетін атқарған.

Арқалық, Жітіқара, Рудный, Лисаков қалалары мен аудандарда айтарлықтай оқыс

оқиғалар тіркелмепті.

Басқарманың жүргізген мониторингке сай мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарда шығын көлемі едәуір артқан. Өткен жылдың нәтижесінде коммуналдық кәсіпорындар 764,6 млн теңгенің шығынына батқанын көрсетті. Әсіресе, Меңдіқара ауданындағы "Таза бұлақ" МКК 2011 жылдан бері қарызын өтей алмай келеді.

Биылғы жылдың 27 ақпанындағы дерек бойынша өңір тұрғындарының көрсетілген қызмет түрлеріне қарызы 205,6 млн теңгені құраса, соның 44,4 млн теңгесі қордаланып қалған. Қайта өткен жылдармен салыстырғанда бұл қаражат 60,4 млн теңгеге сәл төмендегенін жеткізді.

— Бұл әрине, тарифке де тікелей қатысты дүние. Осы мәселе біржақты шешілуі қажет. Десек те, бұрнағы жылдардан гөрі сәл өзгерістің лөбі анық сезіледі. ТКШ-ны жаңғырту бағдарламаларын тағы мықтап қолға алып, монополиялық комитетпен біріге отырып жылу есептегіш құралдарын енгізу әрі қоюы үшін халыққа ақпаратты насихат жұмыстарын жүргізуді тапсырамын, — деп мәжілісті қорытты облыс әкімі.

Білімді маман — ел болашағы

Қостанай мемлекеттік университеті экономикалық факультетінің Қамқоршылық кеңесін құру басқарудың корпоративтік жаңа жүйесінің негізі болды.

2012 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Қамқоршылық кеңес құрамына шақырған кезінде мен, әлбетте, келістім. "ПРЭКО-Консалтинг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (ЖШС) директоры және жұмыс беруші ретінде бұл жұмысқа, мамандарды даярлауға араласқандығым өте қызықты болды. Қамқоршылық кеңес мүшесі болуы ол аймақтағы бірегей жоғарғы оқу орындарын қолдауды білдіреді. Мен бұл университетте білім алып, жұмыс істеген болатынмын.

Жұмыс беруші ретінде біз жыл сайын облыстық бос орындар жәрмеңкесіне, түрлі конкурстарға, жобаларға және дөңгелек үстелдерге қатысамыз. 2014 жылдың күзінде біз "Бос орындар жәрмеңкесі-2015" атты жәрмеңкеге қатыстық, қазан айында "Атамекен стартап" атты бизнес жоба демеушілерінің бірі болдық. Қамқоршылық кеңес жұмысының мазмұнын шартты түрде екіге бөлуге болады: өндірісті және білім беру үдерісін интеграциялау мақсатында жоғарғы оқу орындарымен жұмыс беруші арасында делдал болу, түлектерді дайындау деңгейін жоғарылату, сонымен қатар, қаржылық көмек беру.

"ПРЭКО-Консалтинг" ЖШС-нің негізінде басқару және іскерлік әкімшілік кафедрасының филиалы ашылған болатын, сонымен қатар, тәжірибе-бағытталған сабақтар мен қиындық тудыратын лекциялар бойынша студенттерге ЖШС-нің алға сүйер мамандарымен лекция өткізіледі. Осы оқу жылында маңызды дәрістер 5B050700 — Менеджмент және 5B051100 — Маркетинг мамандығының 3 және 4 курс студенттері үшін сабақтар өткізілді. Бұл сабақтарды "ПРЭКО-Консалтинг" ЖШС-нің келесі мамандары Д.П.Злоедов — сапаны басқару бөлімінің басшысы және Е.В.Фикс — маркетинг бөлімінің бастығы

өткізген болатын.

Біз өзімізге таңдаулы да талантты мамандарды жұмысқа алуға мүмкіндігіміз бар. Ең алдымен, студенттер біздің компаниямызда тәжірибеден өте алады. Тәжірибе кезінде студенттердің дағдыларын көре аламыз және оларды қызметке ала аламыз. Сонымен қатар, еңбек нарығының қажеттілігіне сай оқу-жұмыс жоспарын жетілдіруге және пәндерді еркін таңдауға көмек береміз. Оқу орны мен өндірістің арасындағы серіктестіктің формаларының бірі — ол бизнестің қызметкерлерді дайындау барысына қатысуы. Бұл екіжақты пайда әкеледі: жоғарғы оқу орындар біздің қолдауды, сонымен қатар, интеллектуалды жақсы даярланған мамандарды дайындайды, ал біз сол мамандарды жұмысқа қабылдаймыз.

Біз университеттің түлектерін жұмысқа орналастырға белсенді атсалысамыз. Біздің компанияның қызметкерлерінің басым көпшілігі — Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің түлектері. Бүгінгі таңда білімді маман ғана сұранысқа ие болады.

Талғат РАХМЕТОВ,
"ПРЭКО-Консалтинг" ЖШС директоры.



Ұлттар достығы ұлықталды

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай Родина ауылындағы орталық кітапхананың ұйымдастыруымен "Ұлттар достығы" фестивалі өтті.

Бұл сайысқа Родина ауылы әкімінің аппараты — қазақ халқының, орталық кітапхана — орыс халқының, отбасылық дәрігерлік амбулатория — украин халқының, Родина орта мектебі — неміс

халқының және "Шаруашылық — А" ЖШС — татар халқының мәдениетін нақыштап көрсетті.

Сайыс төрт кезеңді қамтыды. Бірінші кезең — таныстыру, екінші кезең — өз ұлтымың өнері, ал үшінші кезең салт-дәстүрім — асыл қазынам және төртінші кезең — дастарқан сәні — ұлттық тағамдарын көрсетуге арналды.

Жалпы, мерекелік іс-шараға қатысқан ұжымдар қызу дайындықпен келгендіктерін айқындатты. Сайыс қазақ жерінде

тұратын өзге ұлт өкілдерінің жергілікті халықпен тығыз байланысын, достығын көрсете білді.

Мерекелік шара қорытындысында Арқалық қаласы әкімдігінің "Шаруашылық—А" ЖШС I орынды, Родина ауылы әкімінің аппараты II орынды және Родина орта мектебі III орынды иеленіп, жүлдегерлер және барлық қатысушылар грамотамен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Арқалық қаласы.



Құс фабрикасы тоқтап тұр

Облыста. 2,7 млрд-тан астам инвестиция құйылған Комсомол құс фабрикасының жұмысы тоқтап тұр. "Қостанай облысында осыған дейін үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында енгізілген 77 инвестициялық жобаның ішіндегі "Комсомол құс фабрикасының" жұмысы әрекетсіз болып тұр", — деді Қостанай облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы М.Сөкітбаев. Жалпы "Қазагрокаржы" құс фабрикасын жандандыруға 2,7 млрд. теңге бөлген. Бүгінде өндіріс орнын жаңғыртуға арналған қосымша қаражат қарастырылуда.

Эбола белгісі табылмады

Лисаков. Қатерлі дерт жұқтыруы мүмкін деген күдікпен қалалық ауруханаға жатқызылған азаматтың ағзасынан Эбола безгегі вирусының белгісі табылмады. Қазақтың карантиндік және зоонозды жұқпалар ғылыми орталығы жүргізген лабораториялық зерттеулер нәтижесі негізінде науқасқа қазір "тыныс органдары арқылы жұғып асқынған ринофарингит" деген диагноз қойылған. Туған жеріне қонаққа келген Ресей азаматы С.Барышников 15 наурыз күні таңертең Алматы әуежайынан ауруханаға жеткізілген еді. Наурыздың 9-ы мен 14-і аралығында Гвинеяда іссапарда болған ол Алматыға Стамбул арқылы жеткен. Науқас соңғы үш күн бойы дене қызуы көтеріліп, іші өткені туралы шағымданған.

Өз тәжірибесімен бөлісті

Қостанай қ. Облыстық көпсалалы ауруханасының бас дәрігері В.Степьмах Астанадан арнайы республикаға танымал невропатолог, медицина ғылымдарының докторы, профессор Алма Жүсіпованы шақыртып, шеберлік шыңдауға арналған шара өткізді. Білікті маман қостанайлық кардиологтар мен невропатологтарға инсульт ауруына шалдыққан науқастарға алғашқы көмекті қалай көрсету қажет, аурудың белгілері мен оның алдын алу туралы өз тәжірибесімен бөлісті.

Жұмыспен қамту жәрмеңкесі

Қарабалық. Аудан орталығында азаматтарды бос жұмыс орындарына орналастыруға арналған жәрмеңке өтті. Іс-шараға ірі шаруа қожалықтары қатысты. Олардың арасында "Ақ-Бидай-Агро" ЖШС, "Новотроицк-1", "ҚостанайАгро 2008" және Владимир Кригер, Ольга Карманщикова, Жанат Дербисова, Татьяна Серебрякова сияқты кәсіпкерлер бар. Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша, қазіргі уақытта ауданда механизатор, агроном, аспаз, электрші, шаштараз, құрылысшы, дөңкерлеуші мамандары тапшы болып отыр.

Біліктілігін арттыруда

Облыста. "Өрлеу" БАҰО" АҚ филиалы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының қызметкерлері Елордада кәсіби біліктілігін жетілдіруде. Курстың негізгі міндеті — арнайы тренерлерді даярлау. Назарбаев зияткерлік мектебінің басқарма төрайымы К.Шамшитдинова даярлық курс барысында каскадты оқытудың, мұғалімдердің сабақ беру тиімділігін дамытуға, пәндерді оқытудағы педагогикалық әдіс-тәсілдерге назар аударылатынын атап өтті.

Назерке жүлдегер

Аманкелді. Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінде дәстүрлі "Ақ желкен-2015" жас өншілер байқауы өтті. 14-ші рет өткізіліп отырған байқауда аудан, ауыл мектептерінен барлығы 45 үміткер бақ сынады. Бірнеше сағатқа созылған ән байқауында амантоғайлық Назерке Амангелді бас жүлдені жеңіп алды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Автобус астында қалды

Қостанай ауд. Затобол кентінде маршруттық автобус жүргізушісі 8 жасар қыз баланы қағып кетті. Көптеген жарақаттар алған жас жеткіншек аурухана жеткізілген. Жол көлік оқиғасына айыпты жүргізуші тұтқындалды. ҚО ПД баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері облыс бойынша 44 жол көлік оқиғасы болыпты. Оның салдарынан 5 адам қайтыс болып, 42 адам әртүрлі жарақат алған.

● ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Сауда сөрелерінде –
ОТАНДЫҚ ӨНІМҚымбат
ДОСЖАНОВА

Елбасының мұрындық болуымен "Қазақстанда жасалған" акциясы басталғаны белгілі. Бұл акцияның мақсаты отандық тауар өндірушілерге қолдау білдіріп, кәсіпкерліктің өркендеуіне жол ашу. Қазіргі уақытта Қостанай қаласындағы бірқатар сауда орталықтарында "Қазақстанда жасалған" деген жазуы бар сөрелер пайда болды. Облысқа қарасты Федоров ауданы да жергілікті тауар өндірушілерді насихаттауға кірісіп кетті.

"Нұр Отан" партиясының Федоров аудандық филиалы "Мықты бизнес – қуатты мемлекет" жобасы аясында жергілікті кәсіпкерлерге тиесілі нысандарды аралап, отандық тауарларды насихаттады. Ауданда азық-түлік өндірумен айналысатын нысандар жеткілікті. Қазіргі уақытта екі диірмен, үш май зауыты, екі сүт фермасы, жартылай өнімдер дайындайтын цех жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар аудандағы азық-түлік дүкендерінің сөрелерінде "Қазақстанда жасал-

ған" деген плакат ілулі тұр. Яғни ол жерден жергілікті тауар өндірушілер ұсынған өнімдерді сатып алуға болады.

– Әрқашан отандық өнімдерді сатып аламын. Себебі, біздің кәсіпкерлердің ұсынатын тауарлардың құрамында артық қоспа жоқ, экологиялық таза, сапасы жоғары. Әсіресе, "Баян сұлу" фабрикасының конфеттері керемет, дәмі тіл үйіреді. Жергілікті тауарлардан сүт, ет, макарон өнімдері мен сұйық май аламын, – деді

аудан тұрғыны Татьяна Фаст.

"Қазақстанда жасалған" республикалық акциясы кәсіпкерлердің бизнесін дамытуға серпін берері анық. Себебі акция бойынша өзіміздің жерімізде өндірілетін әр алуан тауарлар көпшілікке насихатталып жатыр. Осындай қомақты жұмыстың нәтижесінде қазақстандық өнімге ішкі сұраныстың арта түсері белгілі.

– Біз аудандағы кәсіпкерлермен кездестік, тұрғындарға отандық өнім туралы ақпарат тараттық. Мұндағы сауда сөрелерінде орналасқан тауарлардың елу пайызы өзіміздің жерімізде жасалады. Бұл дегеніміз тамаша көрсеткіш. Әр азамат Қазақстанда дайындалған азық-түлікті сатып алып, отандық бизнестің дамуына үлес қосар еді, – деді "Нұр Отан" партиясының Федоров аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Евгения Жданова. Федоров ауданы.

Оспанов, Қуаныш Исмағұлов, Рая Құсайынкеліні, Гүлназия қажы Қапарқызы бастаған аға-апаларымыз да білдірді.

– Бұл бастама жыл басынан бері бізді қуантып, көңілімізден шығып отыр. Отандық өнімдерді пайдаланғанның берері мол. Халық үшін де, отанымыз үшін де пайдалы. Қаржымыз далаға кетпейді. Сондықтан, осы бастама бұдан әрі кеңінен жалғаса берсін! – деді Гүлназия қажы Қапарқызы.

Ол өзінің аудан орталығындағы "Береке" сауда үйінен "Қазақстанда жасалған" отандық сапалы өнімдерді тұрақты түрде сатып алатынын айтты. Бұл сауда үйінің иесі марқұм Социалистік Еңбек Ері Тарғынбек Тілеулиннің қызы Елмира Тілеулина.

Гүлназия қажының ризалық сөзінен кейін "Береке" сауда үйіне ат басын тіредік. Айтса айтқандай, мұнда тұтынушылар көп екен. Саңлағанына көп болмаған сауда үйінің сырты қандай ажарлы болса, іші де сондай көрікті, тап-таза, жып-жылы. Тұтынушылар да риза. Елмира "Қазақстанда жасалған" отандық өнімдерді сатып жатыр. Ол да – Елбасымызға алғысымыз зор! Біз сияқты жас кәсіпкерлерге ол кісі әрдайым қамқорлықпен келеді. Біз Елбасымызды қолдаймыз! – дейді Елмира Тарғынбекқызы.

Аудан тұрғындары "Гүлім" сауда үйінің қызметіне де риза. Мұнда да Қазақстанда жасалған көптеген отандық тауарлар сатылады.

Селодағы сауда үйлері мен дүкендерін аралау барысында аудан әкімі Ж.Тауенов аудандық кәсіпкерлік бөлім басшысының орынбасары Ж.Әубәкірге, селолық округ әкімі М.Дихамбаевқа Қазақстанда жасалған өнімдердің әр дүкенде арнайы орында болуын қамтамасыз етуге тиісті тапсырма берді. Сол сияқты, жергілікті жерде жасалған ет, сүт, май, қаймақ, айран, құрт, ірімшік, жент және басқа да өнімдерді көптеп сатуды жолға қоюды жүктеді.

Бүгінде аудан дүкендерінде елімізде жасалған отандық өнімдер көптеп сатылуда. Бұл бастамаға аудан халқы дән риза.

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕ: "Қуаныш" сауда үйіне сатылымға түскен отандық өнімдер.

Суретті түсірген автор.

● ХАБАР:
ҰЗЫНКӨЛ
АУДАНЫНДАТілім менің –
тірлігімнің тірегіГүлназия
САФИТОВА

Аудандық тілдері дамыту орталығының ұйымдастыруымен "Тілі бірдің – тілегі бір" сынды жастар форумы өтті. Форум барысында жиналғандар кең тұрғыда мемлекеттік тілді қалай дамытуға болады, тілдердің үш тұғырлығы, "Қазақстан болашағы – қазақ тілінде" тұжырымдамасы қалай жүзеге асырылады, мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы секілді мәселелерді талқылады. Жиналғандарды құттықтаған еңбек ардагері С.Дүйсекеева өз сөзінде тілді сыйлау, тілді білу соның ішінде мемлекеттік тілді жетік меңгеру әр азаматтың парызы екенін атып кетті. Сол секілді форум аясында өткен тіл туралы зерттеу жұмыстардың байқауында №1 Ұзынкөл орта мектебі ұстаздарының жұмыстары жиналғандардың назарын аударды. Сондықтан да мектептің зерттеушілік тобы 1-орынды иеленді. Топ құрамында қазақ тілін кеңінен меңгеріп, белсенді қатысушылардың бірі И.Ланг болды.

Жас ғалымдар
бас қосып...

№ 2 Ұзынкөл орта мектебіне келешекте ғылыммен айналысатынын деген болашақ еліміздің Сәтпаевтары мен Марғұландары жиналды. Себебі осы мектепте 2-7-сынып оқушыларының ғылыми жұмыстарының аудандық байқауы болып өтті. Оған отыз сегіз оқушы қатысты. Оқушылардың назарынан мысалы, ұялы телефондардағы радиотолқындар, компьютерлердің адам ағзасына тигізетін зияны, ғаламтор желісіндегі сөздердің қысқарту реттері мен жөні, өлкеміздің табиғаты және оған адамның әсері секілді небір тақырыптар тыс қалмаған. Жас зерттеушілер өз жұмыстары туралы баяндама жасап, пікірлері мен ұсыныстарын келтіріп дәлелдеуге ұмтылды. Байқау қорытындысында Обаған, Федоров орта мектебінің оқушылары Б.Бәйкенова, Г.Мусина бірінші орынды, Троебрат, №1 Ұзынкөл, Бауман орта мектебінің оқушылары А.Тоқбаева, Е.Демьяненко, В.Ельшов, А.Шевченко екінші орынды, үшінші орынды Пресногорьков, Новопокров, Ершов, №1 Ұзынкөл, Арзамас орта мектебінің оқушылары О.Гуторова, А.Ковалев К.Принцевская, В.Загляда, А.Баймбетова жеңіп алды.

Ардагер анаға
құрмет

Көктемнің мерекесінде Пресногорьков селолық округі әкімдігінің қызметкерлері Ұлы Отан соғысының ардагері Екатерина Сидельникованы құттықтап, құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасады. Мерекелік дастарқан басында ардагер ана Екатерина Сидельникова сол бір сұрапыл соғыс жылдары туралы, А.Невский атындағы Қызылтулы полк құрамында болып, жанкешті ұрыстарға қатысқаны жөнінде әңгімелей келе, еліміздің барша халқына жақсылық пен бейбіт, табыс пен жетістік тілейтіндігін білдірді.

Хамитбек
МҰСАБАЕВ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған өткен жылғы "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Жолдауында Қазақстанда жасалған отандық өнімдердің көлемін ғана арттырып қана қоймай, олардың сапасын өркендет талаптарына сай биік деңгейге жеткізіп, халқымыздың игілігіне айналдыруды алға қойғаны белгілі. Содан болар, былтырғы жылдан бастап, өз елімізде жасалған түрлі тауарларды халқымыздың кеңінен пайдалануына ақ жол ашылды. Бұл – алыс-жақын шет елдердің "сырты жылтырақ, іші қалтырақ" тауарларына деген сұранысты арттыра бермей, өзіміздің елімізде жасалған сапасы да, құнары да жоғары түрлі тауарларды көбірек пайдаланудың керектігін одан әрі күшейте түсті. Осының нәтижесінде республикамыздағы азық-түлік және басқа да тауарларды өндіретін зауыттар мен өндіріс орындарының өздері жасайтын тауарларының сапасын заманауи талапқа сай көтеруге ықпал етті.

Бұл бастама барлық жерлердегідей Аманкелді ауданында да кең қанат жайды. Аудан басшылығы Елбасымыздың "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" Жолдауында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру барысында отандық өнімдерді шығаруға және оларды тұрғындардың көбірек тұтынуына ерекше маңыз берді. Нәтижесінде, ауданымыздың шаруа қожалықтары мен серіктестіктерінде өндірілетін ет, сүт, көкөніс, бақша, нан өнімдерінің саны мен сапасы арта бастады. Сол сияқты, ауданымыздағы сауда үйлері мен дүкендерінің иелері Аманкелдіге Қазақстанда жасалған тауарларды көбірек әкелуді қолға алды. Алыс-жақын шет елдердің тауарларына деген сұраныс бұрынғыдай емес, бөсендеп, жергілікті өнімдерге деген ықылас арта түсті. Аудандағы "Қуаныш", "Береке", "Бекбауыл", "Еконай", "Айко", "Әсем", "Әлфа-Нұр", "Ақ жол", "Гүлім", "Сымбат" шағын маркеті және басқа да сауда үйлері мен дүкендері отандық тауарларды көптеп әкеліп,

ӨТІМДІ



халықтың игілігіне айналдыруда. Бұл дүкендерде "ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН" деген жазу көрнекі жерге ілініп қойылған. Халықтың көзіне бірден түседі. Жұрт "Қазақстанда жасалған" деген жазуды көріп, сол жерге барып, ондағы тауарлары асықпай қарап, қуана-қуана алып жатыр.

Жақында аудан әкімі Ж.Тауенов, орынбасары Т.Карбозов, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Ж.Әубәкір, бас маманы Е.Жүмекенов, Аманкелді селолық округінің әкімі М.Дихамбаев Аманкелді селосындағы сауда үйлері мен дүкендерін аралап көріп, жұмыстарымен танысты. Олардың "Қазақстанда жасалған", "Отандық өнімдерді" тұрғындарға ықыласпен сатып жатқандарын көрді. Сол сияқты, тұрғындар да елімізде жасалған тауарларды ризашылықпен алып жатқанын байқадық. Солардың бірі – есімі аудан, облыс жұртшылығына танымал айтыскер ақын, ардақты ана, еңбек ардагері, "Октябрь Революциясы", "Құрмет Белгісі" ордендерінің иегері Төлеутай Құтжанқызы апамыз болды. Жасы 80-ге бет

алса да, өзін әрқашан сергек, жігерлі ұстайтын Төлеутай апай да өзінің алғысын білдіріп жатыр.

– Елбасымызға рахмет! Бағыдан бері осылай істеуіміз керек еді. Шет елдердің сырты жылтырауық, іші қалтырауық, сәндеп қойған түрлі тауарларын алғанша, өзіміздің елдің құнарлы да сапалы отандық өнімдерін алғанға не жетсін?! Олар әсіресе, денсаулыққа өте жақсы. Менің айтайын дегенім – аудан халқы соның ішінде, төрт түлік мал шаруашылығымен айналысып отырған кәсіпкерлеріміз өздерінің қолдан жасаған өнімдерін сатуды қазіргіден де көбейтсе екен. Өйткені, "Қазақстанда жасалған" отандық өнімдерді пайдалануға ақ жол ашылып отыр ғой. Мысалы, қымыз бен айранды, ет пен сүтті, қаймақ пен майды, қазы-қарта, жал-жаяны, жент пен тарыны және басқа да өнімдерді сататын болса, қандай жақсы!

Әрине, мұндай тілекті Ұлы Отан соғысының ардагері Ертай Мұқанұлы және тыл және еңбек ардагері Ғалымжан Жүнісұлы мен Сатыбалды ишан атындағы "Тәубә" мешітінің намазхандары Аманкелді



ШЫБЫН ЖАНЫН ШҮБЕРЕККЕ ТҮЙІП

Отан үшін от кешкен Алматы Кемелев туралы сөз

Сәлім
МЕНДІБАЙ

1. Сталинград шайқасы

1942 жылдың қазанында неміс командованиесі бүкіл Шығыс майданында стратегиялық қорғанысқа көшуге мәжбүр болды. Осы кезге дейін жау орасан зор шығынға ұшырады, сөйтіп шабуылға шығу мүмкіндігінен айырылады. Мұның өзі, сайып келгенде, олардың Кеңес Одағына қарсы соғыс жоспарының күл-талқаны шықты деген сөз еді.

Тарихи деректерге зер салсақ, 1942 жылдың қараша айында немістердің кеңес-неміс майданында 266 дивизиясы тұрды, онда 6,2 миллион адам бар еді. 70 мыңнан астам орудия мен миномет, 6600 танк пен штурмдық орудия, 3500 жауынгерлік ұшак пен 194 жауынгерлік корабль болды.

Кеңес Одағының майдандағы әскерінде 6,1 миллион адам, 72,54 мың орудия мен миномет, 6014 танк, 3088 ұшак бар еді. Ставканың стратегиялық резервинде осы кезеңде 25 дивизия, 18 танк және механикаландырылған корпус, 7 жеке атқыштар және танк бригадасы бар болатын.

Бұдан біз не көреміз? Яғни соғыстың бірінші кезеңінің аяқталған тұсында әскери күштің қарым-қатынасы жағынан Кеңес Одағы алға шыққан.

Кеңес әскерлері Сталинград түбінде аса ірі контршабуыл дайындап жатты және ол асқан күпия жағдайда жүзеге асырылды. Неміс барлаушылары одан хабарсыз болатын. Бұл шабуылға 10 жалпы әскери, бір танк және төрт әуе армиясы, көптеген жекелеген танк, механикаландырылған, апты әскер корпус-тары, бригадалар және жеке бөлімдер қатысты. Ұрысқа 13,5 мың орудия мен миномет, 900-дей танкі мен өзі жүретін артиллериялық қондырғы, 114 жауынгерлік ұшак кірді.

«Сталинград ауданындағы шайқас мейлінше қатан болды, деп жазды кейін маршал Г.Жуков, мен оны тек Москва үшін шайқаспен теңестіремін. 1942 жылдың 19 қарашасынан 1943 жылдың 2 ақпанына дейін 32 дивизия мен 3 бригаданың күлі көкке ұшты, қалған 16 дивизия жеке құрамының 50-ден 75 пайызына дейін жоғалтты».

Тарихи деректерге зер салсақ, Дон, Волга, Сталинград аудандарында жау әскерлері 1,5 миллион адамынан, 3500 танкі мен штурмдық орудиядан, 12

мың орудия мен минометпен, 3 мыңдай ұшактан және де басқа көптеген әскери техникадан айырылған.

Осы цифрларға мұқият назар аударыңызшы. Көз алдына қанға боялған ұрыс даласы, істен шыққан сандаған техника, астан-кестені шыққан жерана елестері сөзсіз. Мұндай ойраннан тірі қалу да мүмкін емес. Міне, Сталинград үшін шайқаста біздің әскерлер жаудың жанын осылайша алды. Сталинград үшін күрес гитлерлік Германияның әскери машинасын мүлдем есенкіретіп, тәлтіректетті. Неміс әскеріне күйрете сокқы беріліп, біздің тарихи жеңісімізге жол салынды.

Сталинград түбіндегі біздің әскерлердің жеңісі Ұлы Отан соғысындағы түбегейлі өзгерістің басы болды және

Сталинград үшін болды. Біздің Алматы ағамыз 1942 жылы генерал В.И.Чуйков басқарған 62-екпінді армия, 284 атқыштар дивизиясы, 820-полкінің взвод командирі еді. Мұның алдында Одесса артиллериялық училищесін бітірген болатын. Ал әскер қатарына соғысқа дейін, 1939 жылы шақырылған екен.

Алматы аға взводы қаланың Трактор заводы ауданында кескілескен ұрыстарға қатысып, жан беріп, жан алысып жатқан шақ еді. Майдан шебі дәл осы арадан 2-10 шақырым жерде-тін.

13 қыркүйекте фашистер Сталинград үшін шайқастың ең бір шешуші кезеңін штурмды бастады. Олардың алға қойған мақсаты «өл, тіріл, бірақ Сталинградты ал, тізе бүктірі» бола-

жауынгер көзін госпитальда ашып, төнірегіне тандана қарады, алғашқы сұрағы:

Сталинград кімдікі? болды.

Біздікі! деді қасындағылар.

Сол сөзді естіген жауынгер аға жадырай күлді.

Сауығып шыққан сон Әлекен 15-гвардиялық кавалериялық дивизия 57-полкінің орудия командирі болып тағайындалды. Әртүрлі шайқастарға қатыса жүріп, Жеңіс күшін жақындауға өз үлесін қосты.

Ұлы Жеңістен кейін елге оралған ол қоғамдық тәртіпті сақтау саласында тер төкті. Бұл ретте ол Семиозер, Жімікара, Торғай аудандарында қызмет істеп, абыройға бөленді. Ал 1952-1956 жылдары Қарасу ауданында арнайы комендатура-

ны басқарды, учаскелік өкілетті өкіл міндетін мінсіз атқарып, 1970 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Ол бірнеше орден-медалдармен марапатталды. Солардың ішінде ардагер ағамыз үшін «Сталинградты қорғағаны үшін» медалі ерекше ыстық еді. Оны Әлекеннің өз аузынан естіген жандардың бірі де өзіміз едік. Ол өле өлгенше бүгінгі Волгоградты Сталинград қаласы деумен өтті.

Алматы Кемелұлы мен Сұтай апай бес бала өсіріп, тәрбиеледі: Гүлжан, Гүлнар, Гүлсім атты қыздары мен Талғат, Талап атты ұлдары еліміздің айтулы азаматтары. Бәрі де жоғары білім алып, өздерінің шаңырағын құрып, түтінін түтетіп

жатқан өрендер.

Ағамыз бен апамыз сол ұл-қыздарынан туған немере-жеңдерін, шөбере-шөпшектерін көріп, дүниеден өтті. Әлекен тоқсаннан асты, ал Сұтай апай быыл сексен сегізге қараған шағында дүние салды.

Сұтай Айтұхамедқызы Қарасу ауданы «Ключевой», «Бакан», «Май» кеңшарларында, Науырзым ауданы «Раздольный», «Қөктал» кеңшарларында бас бухгалтер болып еңбек етті. Халқына жакты, талай орден-медалдар алды, ағамыз майдангер болса, апай тыл ардагері еді.

Өттен, олар Жеңістің 70 жылдық мерекесіне жете алмады, бірақ олар ұрпағының жадында, елінің есінде.

Иә, ерлік ешқашан ұмытылмайды.

СУРЕТТЕ: Алматы Кемелұлы мен Сұтай Айтұхамедқызы өркен жайған ұрпағымен бірге. (Сурет редакция мұрағатынан алынды. Түсірген Ким-Зон-Хун)



жау әскерін өз аумағымыздан жаппай тықсыра қуу дәл осы операциядан кейін ерекше серпін алды. Осы сәтпен және соғыстың аяқталғанына дейін кеңес әскерлері стратегиялық инициативаға ие болып, кеудесіне нан піскен басқыншы жауды еліміздің аумағынан сағын сындыра отырып, кейін шегіндірді.

Соғыстан кейін немістің генерал-лейтенанты Вестфаль былай деп жазды: «Сталинград түбіндегі жеңіліс неміс халқын да, оның армиясын да маскара қылды. Бұдан бұрын Германияның бүкіл тарихында осынша адамның құрбан болған сұмдық жағдайы болған емес».

Осынау Сталинград шайқасына қатысқан есіл ердің бірі жасы тоқсаннан асып, дүние салған Алматы Кемелев ағамыз еді.

2. Тозақтан аман шыққан

Ұлы Отан соғысы тарихындағы ең ірі ауыр да қантөгісті шайқас осы

тын. Гитлер сол үшін техниканы да, адам күшін де аяған жоқ. Ұрыс даласында темір балқып, төніректі от жалын шарпып жатты.

Біздің әскердің де ойластырған тактикасы бар еді. Фашистер қайткен күнде де Сталинградты алмақ болып бар резервтерін осында төгіп, сөйтіп армия қанаттары, яғни флангылары әлсіреді, онда жауынгерлік дайындығы жетілмеген құрылымдар тұрған. Біздің командирлер сол әлсіз қанаттарға қарсы тұрып, жау қорғанысын бұзып, дұшпанға оралып келіп, артынан сокқы бермек.

Ал қандай да болмасын соғыс кимылында басты салмақ әскери алғашқы құрылым взводқа түседі. Сондай бір жүрек жұтқан взводтың тізгінін осы Алматы Кемелев ұстады. Ол басқаратын артиллерия взводы жабық ату позициясынан тікелей көздеп, 1000-1200 метр қашықтыққа снаряд жаудырып жатты. Сондай бір қарбаласта жау снайпері көздеп атқан оқ дәл түйіп, естен талдырды. Ес-түссіз жатқан

● ДІНИҢ – ДІҢГЕГІҢ

"Мылтықсыз майдан"

ешқашан тоқтаған емес

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Елімізде экстремистік пиғыл-мақсаты айқындалған қылмыстық топтарға қарсы күрес неғұрлым ақпараттық насихаттың көбірек жүргізілуі. Соңғы жылдары қауіпсіздік ұйымдары мен құқық қорғау органдары нақты шараларды қолға алған болса, қоғамдық ұйымдар және қарапайым халық та теріс діни әрекеттен қорғанудың жолдары жөнінен барынша хабардар болуда. Халық арасында діни ақпараттық-насихат ықпалының бір көрінісі – көз алдына нақты деректерді тізіп беретін фильмдерді көбірек шығару. Мұндай туындылар жоқ емес, солардың бірі – "Незримый фронт" деректі фильмі. Фильм режиссері, республикалық діни ақпараттық-насихат тобының мүшесі Руслан Иржанов өңірімізге келді. Біз оқырман назарына режиссермен деректі туынды жөнінде, оның мақсаты жайында болған сұхбатты ұсынып отырмыз.

– Руслан Самарханұлы, терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес тақырыбындағы фильмдер әлемде ғасырлар бойы астыртын әрекетін жүргізіп жатқан ақпарат майданының құралы деуге болады. Жалпы сіздің фильміңіз туралы да осылай айтуға бола ма?

– Діни экстремистік ағымдарға қарсы күресте ең мықты құрал – ақпарат. Ол тек фильмдер түсірумен ғана шектелмейді. Ондай ұйымдардың жетегіне еріп кетпеу үшін адамның санасына әсер ететін электрондық ақпарат құралдарының, телеарналар мен газет-журналдардың ықпалын барынша пайдалану керек деп ойлаймын. Мәселен, белгілі бір мақсатқа соғыссыз жету үшін мүдделі топтар ел арасында жалған ақпарат таратқан. Жапон халқының тарихында билікке қарсы топтар самурайлар үшін абырой болып есептелетін бұрымдарын кесу туралы император үкім шығарады деген қауесет таратады. Шындыққа жанаспайтын ақпаратқа сенген ең мықты үш мың самурай император ордасының алаңына шығып, өздерін-өздері өлтіріп тынған. Сол сияқты кеңес өкіметі кезінде шетел тың-

шылары да, мемлекеттік қауіпсіздік комитеті де таралу жылдамдығын және тұрғындарға әсерін зерттеу мақсатында ел арасына түрлі алыпқашпа әңгімелер таратып отырған. Оларды АҚШ-тың арнайы қызмет орталықтарында шығарып, Кеңес Одағына әдейі таратып отырған. Қазірдің өзінде ақпарат майданының айла-тәсіліне әбден машықтанған алпауыт мемлекеттерде көп қаражат жұмсалатын мықты идеологиялық жұмыстар жүргізіліп жатқаны анық. Бірақ "мылтықсыз майдан" ешқашан тоқтаған емес.

– Фильмді түсіруге, оны жұртқа көрсетуге демеушілік жасаған кім?

– Қазір ақпараттық-психологиялық майданның қарқыны мықты болып тұр. Ол ақпараттың барлық құралдары арқылы, тіпті, бір қарағанда, еш қорқынышы жоқ мультфильмдер арқылы да кез келген көрерменін құрбан етуге тырысады. Әсіресе, жастардың санасын улауға келгенде діннің атын және желілік бизнестің түрлерін жамылған миссионерлер алдына жан салмай келеді. Сондықтан бұл тақырыптағы әр деректі жарияла-мас бұрын аса сақтықпен қараған дұрыс. Себебі кез келген журналист, кинематография саласының қызметкері "мылтықсыз майданның" құрығына ілігіп, құрбаны болып кетуі ғажап емес. Қоғамның оны мен солын тануына көмектесетін фильмдерді біз мемлекеттік тапсырыс бойынша түсіреміз. Сондықтан көрерменнің қолжетімділігі туралы мәселе шешілген деп ойлаймын. Мәселен, "Елімай" кинокомпаниясы мен "Қазақфильм" киностудиясының бірлесіп түсірген "Мылтықсыз майдан" ("Незримый фронт") деректі фильмдер циклінен он сериялы фильмді "Хабар" телеарнасы арқылы көрсеттік. Бұл республиканың ұлттық қауіпсіздік органдарының 20 жылдығына арнап түсірілді.

– Жалпы фильмдегі деректер шынайы көрсетілген бе?

– БАҚ өкілдері тарапынан "Фильмдеріңіз ақиқатқа, шынайы ақпараттарға негізделген бе?" деген сұрақты жиі естимін. Шынайылық, ақиқат туралы айтқан кезде алдымен БАҚ өкілі, кинематография саласының қызметкері ақпарат майданының "жауынгері" екенін ұмытпауы керек. Мәселен, біз терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес тақырыбында түсірген деректі фильмдеріміздің бірінде 2012 жылы Таразда жеті адамның өмірін қиған содыр Кариевтің қылмысы туралы ақпарат бердік. Осы жерде содыр Кариев те, оны тоқтату үшін өмірін құрбан еткен полиция капитаны Ғазиз Байтасов та ислам құндылықтарын өз таным-түсінігіне сай құрмет тұтқанын ескерсек, "ақиқат" кімнің жағында, кімнің "діні" шынайы болғаны? Фильм объективті фактілерді ғана көрсетіп, бұл сұрақтың жауабын іздеуді көрерменнің өзіне қалдырады.



– Фильмнің идеясын жасау кезінде қандай мемлекеттердің тәжірибесімен бөлістіңіздер?

– Кейбір елдер ақпаратты пайдалану арқылы елдің дамуын, адамдардың патриоттық көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік алған. Соғысқұмар ақпараттар ағынын позитивті ақпараттар тарату арқылы жеңген елдердің бірі Оңтүстік Кореяда "Мен тұратын үйдегі ең әдемі пәтер – менікі! Біздің көшедегі ең көрікті үй – менікі! Ал еліміздегі ең сәулетті қала – біздікі! Ал еліміз – әлемдегі ең мықты мемлекет!" деген ұранды жастардың санасына сіңіру үшін мемлекеттік деңгейде арнайы бағдарлама қабылдаған. Сондықтан сырттан ағып келіп жататын түрлі ұйымдардың ақпараттарымен азаматтарының санасын жаулауға мүмкіндік бермеген Оңтүстік Корея, Малайзия, Филиппин сияқты Азия елдерінің экономикасы мен әлеуметтік саласы қарыштап дамыды. Біз де ақпарат құралдарын пайдалану арқылы осындай үлгілерді елге үрей туғызған агрессиялық ұйымдардың ақпараттарына қарсы қолдануымыз керек.

– Сіз түсірген деректі фильмдеріңізде қандай тоталитарлық секталар, деструктивті діни ұйымдар жөнінде айтылады?

– Негізінен фильмдерімізде деструктивті діни ұйымдардың қоғамға зияны туралы сөзбен айтудан гөрі нақты фактілер арқылы дәлелдегенді дұрыс көремін. Мәселен, "Мылтықсыз майдан" фильмінің циклдерінде біз әлемнің көп елдерінде жұмысын жүргізуге тыйым салынған "Хизбут-Тахрир" діни-саяси ұйымының Қазақстанның аумағындағы әрекеттерін нақты деректерге сүйене отырып көрсеттік. "Жаңа шіркеу", "Жаңа өмір", "Благодать" шіркеулері, саентология ағымы сияқты қазақ даласын жалпағынан басқысы келетін ұйымдар туралы да бар.

Біз фильмдеріміз арқылы айтпағымызды көрермен санасына жеткізіп, жекелеген адамдардың ағымдардың жетегінде кетуіне тосқауыл болуды мақсат тұттық. Ал фильмге баға беруді халықтың еншісіне қалдырдық.

– Әңгімеңізге рахмет!

● ФУТБОЛ

Үміт желге ұшты

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Премьер-Лига командалары арасындағы ел чемпионатының 3-ші тур ойындарына сәйкес Қостанайдың "Тобылы" өз алаңында (Затоболдағы "Затоболец" стадионында) Көкшетаудың "Оқжетпесін" қабылдады. Биылғы чемпионат басталғалы алғашқы қос турдың ойындарын сырт алаңда өткізіп, оның бірінде ірі есеппен ұтылып, екіншісінде тең түскен "Тобыл" футболшыларынан барша жанкүйерлер бұл жолы тек қана жеңіс күткені анық. Алайда, көптің үміті тағы да ақталған жоқ. Қостанайлық футболшылар "Оқжетпеске" 0:2 есебімен есе жіберіп алды.

Естеріңізде болса, қысқы оқу-жаттығу жиындары кезінде көкшелік клубтың тізгінін танымал ресейлік футбол маманы Владимир Муханов ұстағаны белгілі. Төрт жыл бойы бірінші топта өнер көрсеткен "Оқжетпес" командасы Премьер-Лигаға жолдама ала салып, құрамына бірқатар талантты футболшыларды шақырғанын білеміз. Солардың арасында өткен жылы "Тобыл" сапында ойнаған Виталий Волков та бар.

Айтпақшы, дәл осы В.Волков ойынның 87-ші минутына "Тобыл" қақпасына доп соғып, командаластарына жеңіс сыйлады. Оның ал-



дында беларуссиялық легионер Дмитрий Павлов кездесудің 62-і минутында қақпашымен бетпе-бет шығып, А.Петуховтан аяла-сына асырған. Қорытынды есеп 0:2. Қоржынында жалғыз ғана ұпайы бар "Тобыл" өзінше турнир кестесінің соңғы орнында тұр. Енді жерлес-теріміз 21 наурыз күні Павлодардың "Ертісін" кездесуге барады.

Матч соңында ойын нәтижесіне көңілдері толмаған бір топ жанкүйерлер команданың бас бапкері В.Минасянға наразылық білдірді. Тек матч соңынан өткен баспасөз-мәслихатында бас бапкер сүренсіз ойын үшін барша қостанайлықтардан кешірім сұрады.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Оқу-жаттығу ойдағыдай өтті

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Облыстық төтенше жағдайлар департаментіне Тобыл өзені жанына орналасқан Красный кузнец көшесіндегі он шақты үйді су басу қаупі төніп тұр деген жедел хабар түсті. Шұғыл түрде жұмысқа кіріскен құтқару қызметі қауіпті аймаққа арнайы техникалар мен зардап шеккен адамдарға алғашқы медициналық қызмет көрсететін палаткалар тұрғызды. Бұл "Көктем-2015" республикалық командалық-штабтық оқу жаттығуының кезекті сценарийі. Алдымен құтқару қызметі шұғыл түрде қауіпті деген аймақта топыраққа толған қаптармен қорғаныс бөгетін жасап, техникалар қар шығарып, Тобыл өзенінің бойы тазаланды. Осылайша төтенше жағдайлар қызметі көктем мезгілінде әбігерге салатын су тасқыны апатына дайындықтарын пысықтауда. Әдетте қардың мөлшерден тыс жаууы тасқынға ұласып жатады. Сондықтан "сақтықта қорлық жоқ".



"Жаттығу ескертусіз болмайды. Мысалы, эвакуациялық пунктте жоспарланған адам санынан кереуеттер аз болды. Осындай кем-кетіктер кездесті", деді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Т.Кәкімов.

Келесі күнгі оқу-жаттығу облыстық маңызы бар Мичурино-Константин жолы бойында өтті. Мұнда да 48 адам мен 20 техника жұмылдырылды.

Айта кету керек, мұндай шұғыл шаралар еліміздің барлық аймағында өтуде. Осылайша 96 адам мен 33 арнаулы техника жұмылдырылған кезекті көктемге дайындық жұмыстары сәтті өтті.

• АҚ ЖЕЛЕҢДІ АБЗАЛ ЖАНДАР

Ермекбай
ХАСЕНОВ

Табиғат адамдардың мінезін түрліше жарататыны белгілі. «Иман жүзді жан екен» деп қайырымдылығы көп кісіге айтылып жатады. Мұндайларды ұлтына да, жынысына да бөлуге болмайды. Дмитрий Лобковты солардың қатарына жатқызар едім.

Алғаш рет телефон арқылы хабарласқаннан-ақ ұстамды жан екені байқалды. Кардиологиялық орталықтың тәулік бойы жұмыс істейтін бөлімін басқарып жүрген жігіттің уақыты шектеулі. Сонда да сұхбаттасуға келісті.

Көпшілікке мәлім, негізінде жүрек ауруы тұқым қуалайды. Ата-анасы сап-сау боз балалар неліктен сырқаттанады? Жүректің ишемиялық түрі дейсіз бе, миокардасы дейсіз бе, әйтеуір, он сегіз жастағылар да ауырады.

Бұған алдымен салауатты



Жүрегі жылы, емі шипалы

дәрігер Дмитрий Лобков басқаратын ангиографиялық
зертхана жайлы сыр

өмір салтын сақтамаушылық әсер етеді екен. Сонымен қатар, нарық заманының етектен тартқан ауыртпалығы, әлеуметтік қамсыздандыру деңгейінің төмендігі де ықпалын тигізбей қоймайды. Әсіресе, жұмыс таба алмай қобалжу, табыстың мардымсыздығы, отбасының тынышсыздығы және басқалар адам ағзасына ізін салатыны анық.

— Ескерте кетейін, инфаркт немесе инсультпен ауыратындар отыз жастағылар болып отыр. Тіпті, елу, алпыс бестегілердің саны артып кетті, — деп Дмитрий Владимирович сөзін сабақтады.

Дмитрийдің әкесі, гастроэнтеролог, Владимир Владимировичпен сексенінші жылдары сырласқанмын. Оның да мінезінің биязылығын, салмақтылығын байқағанмын.

Баласы Дмитрийдің жасы қырыққа жетпеген. Жас жігіттің барлық болмысымен адамның денсаулығын жақсартуға ынтықтығы қызықтырды. Тілдескен сайын өзіңді баурайды. Білсем деген сұрақ тіліңе орала кетеді. Бұл сауал әулеттегі династикаға байланысты еді.

— Вениамин Владимирович 1961 жылы ұйымдастырылған неврология бөлімін басқарып, ғылыми кандидаттық диссертация қорғады. Бұл кісі әкемнің туған ағасы, — деді Дмитрий Владимирович.

— Әулеттеріңізбен дәрігер бола тұра үлкендердің тікелей жолын қумапсыз ғой.

Дмитрий Владимировичтің жылы жүзі онан сайын құлпы-

рып кетті. Орынды сауалға риза көңілмен:

— Бала кезімнен әкемнің ағзаның ішкі құрылысы туралы, оның ағасы Вениаминнің нерв жүйелері жайлы әңгімелері құлағыма әбден сіңді. Соған қоса арманшылдығым тағы да бар. Сайып келгенде, мен тың жол іздедім. Жылма-жыл үдеп бара жатқан жүрек ауруын ауыздықтау қатты ынталандырды, — дей келе Дмитрий алдындағы компьютердің тетігін басып, мәліметтерді тапты. Солар арқылы күнделікті атқарылатын жұмыстарды баяндады. Қан айналымы жүйесіне аналитикалық анықтама тіптен ерекше.

Мұнда облыс бойынша көрсеткіш республикалық деңгейден жиырма жеті пайызға төмендігі цифрлармен белгіленген. Тіпті, Меңдіқара, Аманкелді, Жанкелдин аудандары мен Қостанай қаласында қан айналымы жүйесі ауруы азайған.

Жүректің ишемиялық ауруының көрсеткіші Қазақстанда төрт жарым пайызға төмендесе, бізде тоғыз жарым пайызға дейін азайған. Инфаркт миокарда республикада 9,3 пайызға артса, Қостанайда 3,7 пайызды ғана құрады. Елімізде артериалдық сырқаттанушылық бір пайыздан артыққа өссе, керісінше бізде 6,6 пайызға кеміген.

Бұл оқиғалар облыстағы сан салалы медицинаның алдын алу тәсілін терең меңгергенінің белгісі.

— Біз, ақ халаттылар, әрбір сырқат үшін толғанып, қобалжымыз, — деп айтқанда осы жас



жігіттің адам өмірін ұзартудағы қызметі адал екеніне сенесіз.

Сұрастыра келе білдік, Дмитрий Лобков басқаратын ангиографиялық зертхана тәулік бойы жұмыс істейтіндіктен емделушілердің сексен пайызы шұғыл түрде қабылданғандар екен.

Шалғайдағы елді мекенде жүріп, ауырғандар тиісті емін алады. Жүрегінің сырқатын сезгендер, қаралған медицина қызметкеріне шағымдануы керек. Жедел жәрдем оны облыстық ауруханаға жеткізеді.

Күнделікті күйбің шаруамен жүргендер артериалдық гипертонияға мән бермейді. Шындығына келгенде, осы сырқат созылмалы түрге айналады. Тіпті, қауіптілігі сонша аяғы инсульт пен инфарктке әкеліп соғатындығы. Қазіргі уақытта артериалдық гипертониямен он сегіз жастағылар да ауыра бастады.

Д.Лобков алдын алу шара-

сының ерекшелігіне тоқталды. Дәрігерге дейінгі кабинетте қан айналымы жүйесін бақылатқан дұрыс. Дұрыстап тамақтану, темекі шегуден бас тарту, тұрақты түрде қан қысымын өлшету инсульттің де, инфарктің да жолын кеседі.

Қостанай облыстық ауруханасында жеті жылдан бері диагностикалық жолмен хирургтар жүректі емдеуде. Олардың шеберлігі мен машықтығы жоғары, Еуропа мен Американың клиникасынан кем емес. Бес адамнан құралған топ әрқайсысы білімін жетілдіруді ұмытпайды. Олар Америкада, Германияда, Бельгияда, Прибалтикада, Израильда оқып, тәжірибе жинақтады. Әсіресе, жас мамандардың білімге құштарлығы ерекше. Дмитрий Владимировичтің Литвада кардиологияның инновациялық технологиясы мамандығын шыңдады.

Ангиографиялық зерттеу

кабинеті ашылғалы ақ халатты абзал жандар істің нәтижелі болуын көздеді. Былтырғы жылы 1800 адам коронарографиямен емделді. Коронарлық қан тамырларын зерттеу арқылы жүректің артериялардың нашарлауы қай тұста және қандай деңгейде екені анықталады. Мұндай процедура тек Қостанай және Рудный қалаларында ғана жасалады.

Тәулік бойы демалыссыз және үзіліссіз жалғасқан операция саны оннан он беске дейін жетеді. Әлемдік клиникадағы операциялардан кем соқпайды.

Сонымен қатар, коронарлық артерияларға стентиральқ операция да жасалады. Инфаркт миокардамен, стенокардиямен ауырғандарға оның ықпалы зор.

Әңгіме барысында кардиология бөлімшесі аяқ астынан инфаркт миокардамен сырқаттанғандар кідіріссіз қабылданатынын білдік. Жүректің ишемиялық түрімен және стенокардиямен ауыратындарға жоспарлы операция жасалады.

— Міне, үш жылға таяды біз жүректің лүпілдеп соғуына әсер ететін сырқатты емдеп, жазудамыз. Яғни, электрокардиостимулятор қойғасын адамның жүрегінің қызметі жақсарып, өмір сүру мерзімі ұзарады, — дейді Дмитрий Владимирович. Мұны ғажап әрекет деу керек.

Бөлімше меңгерушісі бұрын Қостанайда жүрек қақпақтарын протездеу тәжірибесі қалыптаспағанын ескертті. Облыстық аурухананың бас дәрігері Вла-



димир Стельмах еліміздің танымал кардиохирургі Владислав Ачкасовты шақырды. Оның жетекшілігімен өткен жылы алпыс күрделі операция қолға алынды. Солардың кейбіреуіне басқа республика орталығында батыл қадам жасалмаған.

«Саламатты Қазақстан» бағдарламасы бойынша кардиологиялық көмек облыстық ауруханада ақысыз.

Таң қаларлық жағдай, жүрегі ауыратын адамдардың дені еңбекке қабілеттілер. Ендеше, дәрігер-кардиологтар, медбикелер мен фельдшерлер оларға қол ұшын созуы құптарлық және ерекше бағалайтын игі шара деу керек.

СУРЕТТЕРДЕ: Дмитрий Лобков сырқатты қабылдауда; жүрек-қан тамырларына операция жасау сәті. Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● КЕЛБЕТ



никалық жағдайымыз, жетістігіміз бен табысымыз қандай деген сұрақтарға жауап беруге ұмтыламыз. Жақсы ұжымға түстім деп ойлаймын, неге десеңіз оқу ордасының басшылығы, ұжымы алғашқы күннен бастап маған өздерінің көмектерін ұсынды, қолдап отырды. Өмірімде маған тек жақсы адамдар ғана кездесті. Олардың айтқан ақылдарын, кеңестерін ерқашан жадымда сақтап жүремін, — дейді әңгімесінде Орынбасар.

Орынбасар Ұзынкөл ауданындағы Итсары ауылының тумасы. Абай ауылындағы Бірлік орталау мектебінде 8 сыныпқа дейін оқыса, орта білімді қазіргі Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интер-

яғни кадр тобының аға инспекторы лауазымына тағайындалды.

— Сізге айтқан едім ғой, өмір, еңбек жолымда жақсы адамдар кездесті деп, солардың бірі Амангелді Рахметов дер едім.

Осы аталған мекемеде 2006 жылға дейін қызмет атқардым. Сол жылы Қостанай облысы бойынша ҚАЖКБ бастығының орынбасары полиция полковнигі Амангелді Рахметов қызмет атқарған-ды. Адамгершілігі мол, сабырлы да, өз ісінің майталманы Амангелді Құжатайұлы мен үшін сыйлы жан еді. Өйткені, барлық қызметкерлерге қиындық уақытында көмек беріп, тірек болатын. Ол кісі зейнеткер.

Бірде осы кісінің мені кабинетіне шақырып алып: «Қазақ тілін жақсы білесіз, мемлекеттік тілді дамыту тобының инспекторы деген лауазым штатқа енгізілді, осы лауазымды

Алға жетелеген АРМАН

Гүлназым
САҒИТОВА

Бүгінде баспасөз қызметшісі болу оңай ма? Иә, жоқ дейміз. Рас, жұмыс бабымен үлкенді-кішілі іс-шараларға қатысқанда баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы сол шараға я мәжіліске қатысты баспасөз хабарламасымен бірге қосымша материалдар даярлап қойса, сөзсіз қуанасың. Сонымен бірге қандай мәселе талқыланып, қаралатынын да білесің. Өкінішке қарай, осындай сәттер, жағдайлар сирек кездесіп жатады. Я болмаса мәселеге байланысты қажетті материалдарды өзің жанталасып сұрастырасың. Дегенмен өз ісіне тыңғылықты жауапты, сауатты баспасөз хатшылары да жоқ емес-ті. Солардың бірі — Орынбасар Уақпаева. Ол облысымыздағы Ш. Қабилбаев атындағы ҚР ИІМ Қостанай академиясы баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы болып жұмыс істейді.

— Академияның баспасөз қызметінде 2013 жылдың наурыз айынан хатшысы қызметін атқарып келемін. Жұмысым бір жағынан қызықты болса, ал екінші жағынан өзіндік қиыншылықтары да, ерекшеліктері де баршылық. Әрине, қиын екен деп босаңсуға уақыт та жоқ. Адам болғасын қызметте кездесетін кейбір қиындықты жеңіп, алға жетелеген армандарыма, қойған мақсаттарымды орындауға тырысамын. Баспасөз хатшысы болған соң, әр ісіңе, жұмысыңа жауапкершілікпен қарайсың. Академияда жұмыс бабымен профессорлық-оқытушылар құрамымен, Отанын, елін қорғайтын болашақ офицерлермен тығыз қарым-қатынаста боласың. Олармен бірлесе отырып түрлі деңгейде өткізілген мысалы, республикалық, облыстық және академияшілік іс-шараларға қатысасың, мәлімет бересің, дерек даярлайсың, негізгі мәселесі не деген сұрақтың жауабын баяндап, баспасөз хабарламасын жазасың.

Қарап отырсаңыз жұмыс оңай секілді, алайда бұл жұмыстың да өзіне тән қиыншылығы бар. Айтар болсам, сол шаралар арқылы оқу орнымыздағы профессорлық-оқытушылар құрамы, білім алып жатқан талапкерлеріміз, материалдық-тех-

наттан 1995 жылы алды. Әкесі Жомарт Төлепов өмірі мен қызметін тек қана жұмысқа арнаған кісі екен. Анасы Құлтай Қажболқызы, бүгінде дүниеде жоқ. Әкесі Жомарт анасының жоқтығын көрсетпей, Орынбасарды кішкентай кезінен бағып-қағып, үлгілі тәрбие мен білім берген. Сол секілді Орынбасар үшін ағасы Есімжан мен жеңгесі Күләштің орны бөлек. Сол жандардың мейірімдері мен шапағатына бөленіп өсіпті. Олардың балалары Айсәуле, Сәуле ұстаз мамандығын алса, Еслямғали ішкі істер органында қызмет атқарады.

— Сондықтан да асқар таудай әкемді, жанашыр ағамды және жеңгемді өте қатты сыйлаймын, ардақтаймын. Мен үшін құрметті жандар. Өз отбасымда Жандос есімді ұлым бар. Жолдасым — Мағжан. Балам Қостанай қаласының М.Хәкімжанова атындағы №20 орта мектептің 6 «А» сыныбында оқиды. Спортмен шұғылданады, — деді Орынбасар Уақпаева.

Ол тарих пәнін жақсы көрді. Тарихтан сабақ берсем, мұғалім болсам деп армандады. Сол арманмен Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың тарих факультетінің күндізгі оқыту бөліміне түседі. Сабағын жақсы оқиды. Үнемі кітапханада жүретін. Оқуын үздік аяқтап, қызыл диплом алып, ата-анасын қуантады.

— Тарихты жақсы көрдім, тарих мұғалімі болсам деп армандадым дейсіз, енді қалай баспасөз қызметіне келіп қалдыңыз, — деп сұрадық.

— Өмірде өз дегенің бола бермейді екен. Жоғары оқу орнын аяқтаған соң 1999 жылдан бастап Қостанай облысы ІІБ тергеу изоляторында кадр бөлімінің инспекторы қызметін атқара бастадым. Бір жыл еркін жалдамалы болып қызмет атқарғаннан соң, келесі жылы Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай училищесіне үш айлық оқу курсына оқыдым. Ол курсты аяқтағаннан соң, сержанттық лауазыммен облыстағы ІІБ УК-161/1 мекемесінде қызмет атқардым, осылай менің ішкі істер органындағы қызметім басталып кетті. Әр кезде қызметтік міндеттерімді жақсы атқаруға тырыстым. Сол еңбегім ақталған секілді, өзімді жан-жақты, жақсы жағынан көрсеткенім үшін қызметімді жоғарылатып, офицерлік лауазымға,

сізге ұсынып отырмыз, келісіміңізді бересіз бе?» деп сұраған сөздері әлі күнге дейін жадымда. Осы сәтте қуанып, ал екінші жағынан жаңа лауазымда қызмет жасау қолымнан келе ме, қазақ тілінде іс жүргізуге жауапты боламын ғой, қалай болады екен деген сан-сауал туындай түсті. Ал, Амангелді Құжатайұлы болса, сіздің қолыңыздан келеді, біз жан-жақты көмек береміз деген сөзі маған күш-қуат бергендей болды. Ол кездері аталған басқарманың қарамағында алты мекеме барды. Оларға жетекшілік етіп, қазақ тілінде іс жүргізуді қолға алу керек болды. Өрі ойланым, бері ойланым, келісімімді бердім. Осылайша, 2006 жылы мемлекеттік тілді дамыту тобының маман-инспекторы болып тағайындалдым. Осы аталған қызметте төрт жыл қызмет атқардым. Қызметім өзіме қатты ұнады. Облыс бойынша қызметкерлер арасында қазақ тілінде конкурстар, сайыстар, түрлі деңгейде іс-шаралар өткіздім, сонымен қатар қызметкерлерге қазақ тілін оқытуды қолға алдым. Өзге ұлт өкілдерінің арасында өткізілетін республикалық, облыстық семинармен бірге байқауларға қатысып, жүлделі орындар иелендім. Қызмет атқарумен қатар 2003 жылы А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың заңтану факультетін сырттай бітірдім, — деді өз әңгімесінде Орынбасар Уақпаева.

Орынбасардың еңбек жолына қарасаңыз, атқарған қызметтерінің бәрі де адамдармен тығыз байланыста жұмыс істеу екен. Ол оңай шаруа емес-ті. Бәрінің де тілін тауып, бар шаруаны сөреге қат-қатымен қойған кітаптардай деңгелетіп алып кетуің қажет. Атап кетсек, 2010 жылы Қостанай облысы бойынша ҚАЖБ кадр тобының аға маман-инспекторы болса, келесі жылы Қостанай облысы бойынша ҚАЖД кадр және мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің аға инспекторы лауазымына тағайындалады. Аталған ішкі істер органында әділет майоры атағына дейін жетті. Қызмет барысында «ҚАЖ үздігі» кеуде белгісімен, «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, грамоталармен марапатталды.

СУРЕТТЕ: Орынбасар
Уақпаева.

Кітапхананың жарқын бейнесі

Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар — ең қажет, абыройлы мамандық иелері. Осы кітапхана саласында біраз жылдан бері еңбек етіп келе жатқан №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында әдістеме-библиография бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген Айнагүл Ермағамбетова жайында айта кеткім келеді.



тардың бел ортасынан көрінетін, ақпарат айдынының иегерінің еңбегі ерекше. Кітаппен жаны жақын болған адамнан жақсылықтың нұры шашып тұрары анық дегендей ұжымында беделі жоғары, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, қасиетті жан. Ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін демдеп беріп отырған, ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, парасатты кітапханашылардың бірі.

Жоғары дәрежелі маман Айнагүл Мәткенқызы өз қызметінің басым бағытын облыстық кітапхананың библиографиялық аппаратын жаңа ақпараттармен толықтыруға, әртүрлі мазмұнда оның ішінде өлкетану библиографиясы қамтылған библиографиялық құралдар құрастырды. Бүгінгі кітапханашы заман талабына сай оқып-үйренбесе, кәсіби басылымдарды күнделікті қадағаламаса, жан-жақты білімді болуға талпынбаса, кітапханашы мамандығының мәртебесі оқырман алдында құлдырайтыны сөзсіз. Сондықтан кітапханашылар біліктілігін үнемі жетілдіру курстары мен кітапхана жұмыстары жөнінде түрлі тақырыптарда кеңестер өткізіп, әдістемелік көмек көрсетіп отырады.

Оқырман сауаттылығын арттыруда өткізіліп жатқан жұмыс-

Бүгінгі күні кәсіби шеберлік — кез-келген маманның қоғамдағы сұранысы мен орнын анықтайтын оның басты ұстанымы. Әр маман иесінің қызмет көрсету деңгейі ең әуелі қызметкерлердің кәсіптік деңгейімен анықталады. Алдына келген ауру адамға ем жазатын дәрігер болса, алып жатқан білімін қосымша оқу-біліммен толықтыруға көмектесетін мамандық иесі — кітапханашы.

Кітапхана жұмысын дамыту ісіндегі жемісті еңбегі үшін және Арқалық қаласының әкімі грамотасымен, былтыр «Кітапхана ісінің ардагері» төс белгісімен марапатталды. Бүгінгі таңда осы еңбегінің арқасында кітапханадан зейнеткерлік жасқа жетіп отыр.

Әсем АХМЕТЖАНОВА,
библиограф.

Заңды білу — басты талап

Рудный қаласының прокуратурасы өткен жылы 13 арнайы тексеру жүргізіп, мемлекеттік сатып алулар саласында 103 құқық бұзушылықты анықтаған. Нәтижесінде қаланың 33 азаматы әкімшілік жазаға тартылса, бір мемлекеттік сатып алулар конкурсының қорытындысы жоққа шығарылды. Сондай-ақ мемлекетке кіріс ретінде 186454 теңге аударылды.

Заңды білу — заманның басты талабы. Алайда, кейбір азаматтарымыз заңды білместіктен бәлеге ұрынып жатады. Мәселен былтыр жемқорлыққа апаратын іс-әрекеті үшін «Рудный қалалық ветеринарлық станциясы» МҚК директорының міндетін атқарушы Н.Қоңыртаев әкімшілік жазаға тартылып, қызметінен босатылды. Өйткені прокуратура қызметкерлері жүргізген тексеру нәтижесінде оның кәсіпкерлікпен айналысатындығы белгілі болған.

Қуаныш СЕЙДОЛЛАҰЛЫ.

Рудный қаласы.

● ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ТІРШІЛІК

Адамдықтың өлшемі

Әгәрәки, әлдебіреу менен:
— Адамгершілік пен мейір-
бандықтың идеалы деп кімді
айтар едіңіз? — деп сұраса,
ойланбастан туған ауылым
Байғабылда тұрып, отыз жыл
табан аудармастан бір кеңшар-
да шопыр боп еңбек еткен туыс
ағам Байғоныс Міңкеұлын ай-
тар едім. Неге?

Асықпаңыз. Барлығын рет-
ретімен баяндайын. Кимешек
киген етжеңді қара кемпірді
ес білген кезімізден әжелеп
өстік. Өйткені, түбі бір атаның
ұрпақтары ғана мекендейтін
алақандай ауылдағы кемпір-
лердің бәрі-ортақ әже. Қа-
зақы тәрбие деген осы шығар,
бәлкім? Қашан көрсең де біз
сияқты боқмұрындарды қа-
сына шақырып, қамзолының
түбі терең қалтасындағы кәм-
пит-сөмпиттерін (кейде оларға
кеңестің ұсақ күміс тиындары
араласып кетеді) суырып алып,
айналып-толғана үлестіріп
жатқаны. Бір ғажабы, ешбір
қарадомалақты алаламайды.
Қара кемпірді осыдан соң қал-
лай жақсы көрмеске?..

Есейдік.Ер жеттік.Өзіміз
де соқталдай азамат атанып,
бала сүйдік. Бірақ, бақытты
сөбі шағымнан есімде қалған
сол сурет әлі күнге жадымда
жаңғырып тұр...

Кейіндері ел адамдарынан
сол әжеміздің Байғоныс ағам-
ның өгей шешесі екенін кез-
дейсоқ естіп, қатты таңырқа-
дым. Өйткені бала кезімнен
көргенім, әжемнің барын
Байғоныстың аузына тосып,
асты-үстіне түскені болса,
таңырқамағанда қайтесің?
Одан соң етек-жеңіне ора-
тылған немерелерін айна-
лып-толғанған шешемізді өгей
еді дегенге кім сенеді? Әрине,
сенбейсің.

Алайда, ащы шындық осын-
дай. Бірақ менің айтпағым ол
емес. Айтпағым, өгей баланың
өгей анаға деген шынайы сә-
билік махаббаты.

...Марқұм Міңке атамыз-
дың алғашқы бәйбішесі ерте
бақилық болып, шиеттей ба-
лаларымен бір өзі қалады. Ер-
теден қара кешке дейін колхоз-
дың ауыр жұмысына жегілген
шаруа адамына жалғыз бас-
ты өмір сүрудің қиындығы
түсінікті жайт. Жылдар өте
осы әжемізбен (әрине, ол кез-
де орта жастағы келіншек)
бас қосып, қайыра шаңырақ
көтереді. Жанары жәудіреген
жетімекектердің бақытына қар-
ай әжеміз аса мейірбан жан
боп кезігеді. Қысқасы, бала-
пандарын қанаттыға қақтыр-
май, тұмсықтыға шоқыттыр-
май мәпелеп баққан. Бала бағу,
соның ішінде бөтен анадан
туған перзенттерге мейірін тө-
гіп, туғанындай әлпештеу қа-

рапайым қазақ әйелі ұлылығы-
ның көрінісі емей, немене? Ал
біздер адам ұлылығын тек көр-
кем әдебиеттен ғана іздейміз.

Бөкеңнің анасын айрықша
қастерлеп, құрақ ұшатын-
дығына мына бір әңгіме, әңгіме
болғанда тұтас бір мелодрамаға
арқау боларлық оқиға дәлел.

Ағамыздың жаңа үйленген
кезі болса керек. Бал айының
қызығы әлі басылмаған шағы.
Бірде жаңа түскен келінше-
гі Сәуле жеңгеміз енесінің
айтқанын жүре тыңдап (бір
шаңырақтың отын жақса да,
біреудің әлпештеген ерке қызы
ғой, қанша дегенмен) қиқаң
мінез көрсетсе керек. Құдай
дес бергенде, әлгі отбасылық
спенаның үстіне жұмысынан
түскі үзіліске шыққан ағамыз
сарт ете түспей ме. Бөкеңнің
бойынан ыстық бу атқылаған
жас кезі. Әңгіудіктеу. Әй-шәй-
ға қарамастан (қызбалықты
қойсаңызшы. Не боп қалды?
— деп, ешбіреуінен де сұра-
маған) шешесіне ара түсіп,
жаңа түскен жеңгеміздің жо-
нынан таспа тіледі ғой, баяғы.

— Апама ендігәрі бірдеңе
деп ауыз ашсаң төркінінде апа-
рып тастаймын. Қатын табыла-
ды. Апамды сыйламайтын әйел-
дің керегі не маған? Әкеңнің...

Ал керек болса! Жаңа
түскен келіншектің шайпау
қылығы қанша жанына батса
да, пейілі түзу мейірбан анамыз
ауызынан түкірігі шашыраған
есерсоқтау ұлының қол-аяғы-
на ойбайымен қоса жармасып,
жеңгемізді тепкіден әзер ара-
шалап алыпты. Осыдан соң
әжемізді өгей анасы, ағамызды
өгей баласы деп айтуға аузың
қалай барады?!

Өмірлік сабақ боларлық
осы оқиғадан кейін жеңгеміз
(қазір өзі де әже) енесімен
ищай деспей, үлкен кісі қашан
бақилық болғанынша алдын
кесіп өткен жоқ. Ағамыз екеуі
шешелерін соңғы сапарға ару-
лап аттандырды. Адамдықтың
үлгісі мен өлшемі сірә, осы бол-
са керек.

Өзәзілдікке баламаңыздар.
Мұны өгей тұрмақ туған ана-
сын алақанына сала алмай,
көздері ашық, бірақ адуын
келіншектерінің біз өкше та-
баңдарына тапталған пақыр-
ларға өнеге ретінде айтып
отырмын. Бұл шағын эссемді
әуелде «Адам туралы аңыз» деп
атағым келген. Алайда, әйгілі
кеңес жазушысы Б.Полевой-
дың әйгілі шығармасының атын
қайталаудан қаштым. Айтайын
дегенім, күйкі тірліктің күй-
беңімен нағыз АДАМ-дардың
ортамызда жүргендігіне жет-
кілікті мән бермейтіндігіміз.
Көзге ілмейтіндігіміз. Әсіресе,
пейіл тарылған мына заманда.

Алтай НҰРМАН.

● КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН ОЙ ЕДІ

«Кімнің баласысың?»

Бұл сауалдың да мәні үлкен

Заманында ұлы ағартушы
Ыбырай Алтынсарин құрылы-
сын салғызып, алғаш ашқан
мектепте оқығанымызға қуа-
натынбыз.

Ең қиыны — кенттің шет
жағындағы үйлерімізден жаяу-
лап әрең жететінбіз. Жолай есі-
гінің алдындағы сәкіде отырған
қою қара мұртты, толық денелі
орыс шалы жанынан өтерде
әрқайсысымызды тоқтатып,
«Кімнің баласысың?» деуден
жалықпайтын. Есту қабілеті
нашарлаған тұста да үйреншік-
ті әдетіне басатын.

Балалық-ау, «Тағы да
орыс шалы мазамызды алар»
деп үйін айналып кететінбіз.
Солғұрлым жолымыз ұзарып,
шаршап-шалдығып мектеп та-
балдырығынан аттайтынбыз.

Есейген уақытта бір-ақ
білдік, орыс шалы жай адам
емес, Азамат соғысының арда-
гері Владимир Ильич Шишков
болып шықты. Тұрғыласта-
ры «Партизан Володя» деп
өздерінше дәріптеген, көне
Торғайды құтты мекеніне ба-
лаған ол ана тілімізге жүйрік.
Балаларын қазақ мектебіне
берген. Ертеден елдің тарихы-
на, атқа мінген азаматтарына
қанық, еңбегімен қалай құр-
метке бөленгенін баяндауға
әрқашан дайын. Сондықтан
өзін таныстырған балаға әкесі-
нен әрі руынан хабары барын
сездіріп қояды.

Бұған Жанкелдин ауданы-
ның Құрметті азаматы атағы-
на ие, белгілі Торғай танушы
Орекен Алматыұлының мына
әңгімесін куәға тартсақ та жет-
кілікті:

— «Алматтың баласымын»
деп таныстырғанымда Влади-
мир атай «Қай Алматты ай-
тасың? Томай Алмат па, әлде
Қыпшақ Алмат па?» — деді
сығырай қарап.

«Қыпшақ Алмат» дегенім-
де саусақтарын бүгіп, рудың
беделді азаматтарын санай
жөнелді.

Бірде «Алты күйеуден
шыққан қызым Мағда руы Қы-
рықмылтық, бес әйел жібер-
ген Болатбекке қосылмақшы.

Оңған отбасы шығар ма екен?»
деп мұңайғаны және бар.

Әркімнің өмірі — хикая.
Мысалы, ауаткомда, редакция-
да қызмет істеген жылдары
нағашымның үйінде тұрған-
мын. Соған орай жолдаста-
рым «Орыстың ұлы жазушы-
сы Максим Горький сияқты
нағашы жұртында тәрбие-
ленген» деп қағытатын. Сыр-
тымнан «Кіші жүздің баласы»
дегендер де кездескен. Туған
інім Талғат кішкентай кезінде
апасынан: — Анда-санда соға-
ды. Фамилиясы да, жүріс-тұры-
сы да бөлек. Бізге қай жағынан
жақын?» деп те сұраған.

Түрлі әңгімелер құлағына
шалынған қара шаңырақтың
иесі, көкем Оразбайдың на-
мысқа тырысып, мені әдейі
ертіп, туыстардың үйін жаға-
латқаны әлі күнге дейін есімде.

Торғай облысы бой кө-
терген бетте газет редакторы
Әбділдә Дүйсеновтың арнайы
шақыртуымен біраз адам Қос-
танайдан Арқалыққа қоныс
аударған едік. Редактор мен
орынбасарлар ЦК-ның жолда-
масымен бұрынырақ орнала-
сып үлгерген. Мұндай жайдан
бейхабар адамдардың танысы-
ның абыройын асыру мақса-
тында «ЦК-ның жолдамасымен
келген» деп бөсетініне қынжы-
ласың.

Содан бері 44 жыл өтті ара-
да. Ардагерлердің қатарына
қосылдық. Көшеде жолыққан
жастар сәлемдескенде Торғай-
дағы баяғы Владимир қарттың
«Кімнің баласысың?» деген
сауалын қайталап, бұл әдістің
мәнін іштей түсінгендейміз.

Әйтсе де, бәрі бірдей деуге
ауыз бармайды. «Арқалықтан-
быз» деп келте жауап қайта-
ратындар да баршылық. Ар-
тынан жақын-жуықтарынан
сұрастырсаң, жаңағы бала не
Торғайдың, не Аманкелдінің,
не Жарқайыңның тумасы.

Егер олар шындықты
бүркемелемесе, ата-анасын,
туыстарын естеріне түсіріп,
Арқалықтың облыс орталығы
мәртебесін иемденген дәуірге
ойша саяхат жасап, байырғы

тұрғындар сын кезеңде қайыс-
паған жандар хақында сыр
толғауға әзір.

Әсіресе, «ауылы аралас,
қойы қоралас» Жанкелдин,
Аманкелді аудандарының
жөні басқа. Кешегі Ахмет пен
Міржақып, Әліби мен Аман-
келді түлеп ұшқан ортаны кім
мақтан тұтпас?!

Аталған қос аудан Торғай
облысының құрамына енген-
де «Целинный» мейманхана-
сындағы /Қостанай қаласы/
ресторан даяшыларының
«Ежелден жаратылысы ұқсас
елдің азаматтары барынша
дархан. Сағынысып көріскен-
де үстелді үстелге қосып
жіберіп, үсті-үстіне небір
тәтті тағамдарға тапсырыс
беретінін, соңында ың-жың-
сыз бөлмелеріне тарайтынын
айтсаңшы» деп ағынан ақта-
рылуы қимастық танытқанын
аңғартқандай.

Дінге бет бұрудың айғағы
тұрғысында Торғайда тұңғыш
мешіттің кілтін тапсыру салта-
натында қарымды қаламгер,
екі елдің тарихынан мағлұма-
ты мол Бөгетбай Әлмағамбе-
товтың «Аманкелді Торғайдан
енші алған. Яғни, Торғай аға,
Аманкелді іні саналады» деген
бәтуалы сөзінің астары тереңде
жатыр.

Ендеше еріккендердің
ұшқары пікіріне иланып, кін-
дік кескен жерден қашқақтау,
замандастарының ұрпағына
масаттанатын қарттармен
жүре сөйлесу — әбестік.

Ал, даласында дән дариясы
жайқалған, төскейін мыңғыр-
ған мал жайлаған, сан салалы
өнеркәсібі қарыштап дамыған,
зеңгір көктен төмен қарай
құлдилағанда ғарышкерлер
табанын тіреген, ғылым, әде-
биет және өнер дүлдүлдерінің
іңгәлаған дауысы естілген,
сыйластық туын ұдайы
асқақтата ұстаған Қостанай,
Торғай өңірлерінің перзенті
болу — маңдайға қонған бақ,
құдіреті күшті Алла бұйырт-
қан тамаша сый!

Жақсылық ЖҮНІСҰЛЫ,
баспасөз ардагері.

Жастармен өткен жүздесу

**Өткен аптаның
соңында Сарыкөлде
аудан әкімінің
уақытша міндетін
атқарушы Асқар
Жақсыбаевтың
төрағалығымен
«Жастарға жол» атты
семинар өтті.**

Ашық әңгіме алаңына жас
қызметкерлер, студенттер,
жастар ұйымының өкілдері
мен оқушылар шақырылып, ҚР
Жемқорлыққа қарсы және мем-
лекеттік қызмет істері бойынша
агенттік департаментінің Қос-
тай облысы бойынша басшысы

Данияр Үсенов, ҚМУ ректо-
рының кеңесшісі, «Құқықтық
Қазақстан үшін» ҚҰ төрағасы
Михаил Дәуенов, «Нұр Отан»
партиясы ҚОФ «Жас Отан» ЖҚ
атқарушы хатшысы Ерлан Төле-
таевтар жемқорлық жайлы сөз
етті. Студенттер үшін ҚМУ-дың
жемқорлыққа қарсы қоғамдық
комитеті бойынша басшысы
Фатима Торғаеваның сөйлеген
сөзі ерекше әсер етті. Оның
қарамағындағы ұйым ЖОО
басшылығы мен белсенді сту-
денттердің ұсынысы бойынша
құрылған. Фатима Торғаева ко-
митеттің өткізетін ең басты ша-
раларының бірі — «Таза сессия»

акциясы екендігіне аса көңіл
бөліп, жұмысты күшейту мақса-
тында әр факультетте құрылған
штаб-пост үздіксіз жұмыс істеп
тұрғанын айтты.

Бұл семинардың басты
мақсаты — жүргізілген жұмы-
стар барысында жемқорлыққа
қарсы саясат пен іске асыры-
латын заң ережелері жайында
жастарға ақпарат беру және
жемқорлыққа жол бермейтін
жастарды тәрбиелеу. Ашық әң-
гіме барысында сауалдар қой-
лып, оған тиісті жауаптар қай-
тарылды.

Руслан ӘЛКЕЕВ.
Сарыкөл ауданы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жітіқара ауданының әкімдігі Жітіқара қаласының Индустриалдық аймағын шағын және орта бизнес жобаларымен толықтыру бойынша тапсырыстарды **2015 жылдың 10 наурызынан бастап** қабылдайтынын хабарлайды.

Индустриалдық аймақтың аумағында мынадай басымдылықты даму салалары бойынша жаңа жобаларды жайластыру жоспарланады:

— ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу (*мұздатылған жидектер мен көкөністердің, жарма өнімдерінің, балмұздақтың, алкогольсіз сусындардың, қойылтылған сүттің, өсімдік майының, кетчуптардың, майонездердің өндірісі*);

— құрылыс материалдарының өндірісі (*құрғақ құрылыс материалдарының, лак бояғыш материалдарының, минеральды оқшаулағыш бұйымдардың өндірісі*);

— өнеркәсіп жабдығының өндірісі (*тоңазытқыш жабдықты құрастыру, жүк көтергіш механизмдердің, сорғыштардың, велосипедтердің өндірісі*);

— басқа да дайын өнімдердің өндірісі (*біржолғы ыдыстың өндірісі, сабын мен жууға арналған құралдарының күйылып сатылуы*);

— жылыжайлардың құрылысы және Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалдық-инновациялық даму Бағдарламасы экономикасының басқа да басымдылықты салалары.

Индустриалдық аймақтың жалпы көлемі 76,2 га, оның ішінде кәсіпкерлерге беру үшін – 63 га. Жітіқара қаласының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Инженерлік инфрақұрылымы өтеді.

2. Өнеркәсіп және құрылыс материалдары өндірісі бөлімінің бас маманы, "Д-О-4" санаты - 1 бірлік, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Жетекшілігіндегі облыстың аймақтары, машина жасау және құрылыс материалдары өндіріс салаларындағы кәсіпорындары бойынша өнеркәсіп өндірісі көлемінің ай сайынғы және онкүндік сайынғы орындауына мониторинг жүргізу. Өнеркәсіптің бекітілген салалары бойынша облысты әлеуметтік-экономикалық дамытудың орташа мерзімді жоспардың өзіндік қатысуы. Машина жасауды, құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдары өндірісін дамытудың салалық бағдарламасын, "Өнімділік-2020" бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жүргізу. Ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындарда жұмыс орындарын құру туралы ақпаратты дайындау және ұсыну. Форумдарды, семинарларды, тұсау-кесерлерді, конференцияларды, конкурстарды, көрмелерді ұйымдастыру мен өткізуге қатысу. Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясымен сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі ақпарат дайындау және беру. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау. Бөлімнің іс-қағаздарын жүргізу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары білім: заңгерлік, экономикалық, техникалық (өнеркәсіп саласындағы мамандықтар). Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі болса, ортадан кейінгі заңгерлік, экономикалық, техникалық (өнеркәсіп саласындағы мамандықтар) біліммен рұқсат етіледі.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос өкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнамасы;

3) білім туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық

лым өткізілген – газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, а/жол. Қаладан 7 км-де Стационар к. "Жітіқара" темір-жол станциясы бар.

Жер телімдерін беру екі механизм бойынша жүзеге асырылатын болады:

— Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес 49 жылға дейін ұзақ мерзімді жалға беру;

— "Инвестициялар туралы" ҚР Заңына сәйкес жеке меншікке натуралды грант түрінде.

Толық ақпаратты алу үшін Жітіқара қ., 6-шағын ауданы, 65-үй, 14-қаб., "Жітіқара ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ жолығуға болады, телефон: (8-71435) 2-77-11, 2-82-28, электрондық мекенжайы: kasp2006@mail.ru, web-сайт: zhitikara.kostanay.gov.kz – "Индустриалдық аймақ" бөлімі.

актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтамасы;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыруды соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 65, каб 910. Анықтама телефоны: 8 7142 54-36-97, факс: 8 7142 57-52-35, urp@kostanay.kz электрондық мекен жайға ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып, құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын өңімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады. Құжаттардың түпнұсқасын бермеген жағдайда тұлғалар өңімелесуге өтуге рұқсат етілмейді.

Өңімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 күн ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссия жұмысының айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады. Конкурс комиссиясының отырысында бақылаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады. Конкурс комиссиясының отырысына бақылаушылар ретінде қатысу үшін тұлға өңімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен кешіктірмей, "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" ММ кадрлық қызметінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға кадрлық қызметке жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқа-ларын немесе көшірмелерін ұсынады.

● ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!

Зейнеткерлікке шығуыңызбен!

Аманкелді селосының тұрғыны, біздің сүйікті жездіміз, облыс көлеміне танымал өнерпаз-әнші, сексенінші жылдардағы бірнеше "Торғай әуендері" фестивалдерінің лауреаты – **Қайырғали ЖАҚЫПБЕК-ҰЛЫ** наурыздың 20 жұлдызында зейнеткерлік жас – 63-ке толғалы отыр. Жездімізді осы мерейлі тойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Апамыз Айтжан ӘМІРҚЫЗЫМЕН бірге ұл-қыздарының – мейіріміне, немерелерінің – қызық-қуанышына, балдыздарының – сүйіспеншілігіне, ағайын-туыстың – құрметіне бөлене жүріп, жастан-жасқа жетіп, бақытты ғұмыр кешулеріне тілектеспіз!

Асыл жезде, құтты болсын, тойыңыз, Орындалды көптен күткен ойыңыз. Апамызбен бірге жасап өмірді, Қуанышқа тола берсін үйіңіз.

Жалғаған сен Жәуке батыр үзігін, Туған жерге қақтың тірлік қазығын. Зейнеткер боп, ақсақал боп қадірлі, Бейнетіңнің молынан көр қызығын!

Тілек білдірушілер: балдыздары Жұмабай-Гүлнар, Бейсенбай-Жанаргүл, Гүлбақыт, Нұрбақыт, Асылан, Үмітжан, Нұрзат, бажалары Оразәлі, Дулат.



Құттықтаймыз!

Наурыздың 20 жұлдызында Қостанай облысы, Аманкелді ауданының тұрғыны, еліне сыйлы, ағайын-туысқа қадірлі асқар таудай әкеміз **Жақыпбекұлы Қайырғали** 63-ке толып, зейнет жасына жетіп отыр. Әкемізді осы қуанышпен құттықтай отырып, мына тілектерді арнаймыз:

Ұл-қызының сезінумен арманын, Ойлауың аке-асқар тау жан-жағын. Қуанышпен құттықтаймыз бүгін біз Әкеміздің 63-ке толғанын.

Өткен шақтан қалды сізге бүгін із, Сәтті күндер болсын әрбір күніңіз. Балалардың қызықтарын қызықтап, Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Ізгі ниетпен: Жұбайы – Айтжан, ұл-қыздары, немерелері, жиендері.



Құттықтаймыз!

Наурызым ауданы, Қараменді ауылының тұрғыны, аяулы ана, асыл жар, ақ жаулықты әже, ұлағаты ұстаз **ӨТЕГЕНОВА Күлзайра Мұқашақы** наурыздың 18-де 58 зейнеткерлік жасқа толғалы отыр. Сізді осы зейнет жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбегіңіз еленіп, ұстаздық жолда көп еңбек етіп, тер төктіңіз. Қазіргі күнде шәкірттеріңіз өмірден ойып орын алған. "Еңбек түбі – зейнет" демекші, тек қана еңбегіңіздің зейнетін көріңіз.

Ұзақ түндер тал бесікті тербеген, Әлди айтып ешбір тыным көрмеген. Біздер үшін айналайын өз Ана, Әлемдегі ең қымбат жан сіз деген.

Өзің екен тіршіліктің нәріміз, Аман жүрсен бақыттымыз беріміз. Арналады сіздің зейнет жасына, Осы кеште шырқалатын әніміз.

Үмітің дәйім жалғанып алға, Білімге ғұмыр арнадың Ана. Мақсатқа жетіп, немере сүйген, Әженің басқа арманы бар ма!

Ізгі ниетпен: жолдасы – Боранбай, балалары – Ербол-Динара, Жанар-Бейбіт, Жасқанат, немерелері – Аруза, Бибарыс, жиені – Амина.



Құттықтаймыз!

Бүгін анамыз **Меңжамал АБДУЛЛЕНА** 58 жасқа жетіп, зейнеткерлікке шығып отыр. Бұл – ұл-қыз өсіріп құда-жеқатты болып, немере сүйіп, өрісі кеңейіп, өркені өскен беделді кезең. Әкемізбен ұзақ жасап, ұл-қыздарыңыздың қызығын молынан көріп, алып мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, өркендей берулеріңізге тілектеспіз! Әрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында шалқып, тасып жүре беріңіз! Сізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз!

Қарапайым қалпын сақтап биіктік, Ұл-қызы мен отағасын иітіп. Ана болып, пана болып отырсыз, Бір әулетті ұйытқыдай ұйытып.

Зейнет жасқа жетіп көпсіз зымырап, Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ. Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі, Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.

Осы жасқа жеткен де бар, жетпеген... Жаратқанның нұры сізде көктеген. Зейнет жастың бар қызығын көрсетсін, Көңіл деген көркем кейіп көк дөнен.

Игі тілекпен: жолдасы – Сағит, қызы Мейрамкүл, күйеу баласы Байзақ, жиендері – Балерке, Арнұр, ұлдары – Азамат, Жасемір-Нұргүл, немересі Бекзат.



**«ҚОСТАНАЙ ТАҒЫ»
газетіне жарнама бергіңіз
келсе, мына телефондарға
хабарласыңыз:**

54-33-22,

54-99-69 (факс)

Аз.А.С.Донецтің сенімді тұлғасы Кудербекова Айнаш Мамбетовна кепілдік мүлкіті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Фурманов селосы аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған өлшемі 75,0 га, кадастрлік нөмірі № 12-282-072-013, 04.02.2046 ж. дейінгі мерзімге, бөлінетін жер теліміне уақытша ұзақ мерзімде сауда өткізілетін туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

Сауда 2015 жылғы 28 наурыз, сағат 12.00-де мына мекенжайда: Арқалық қ., Абай даңғылы, 43 өткізіледі.

Өтінімдер 2015 жылғы 26 наурыз, сағат 17.00-ге дейін сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай обл., Қостанай ауданы, Затобол п., Школьная көш., 52/2, тел. 87078053724.

Доверенное лицо гр.Донец А.С. Кудербекова Айнаш Мамбетовна в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного долгосрочного землепользования сроком до 04.02.2046 года на делимый земельный участок площадью 75,0 га с кадастровым номером 12-282-072-013, с целевым назначением - для ведения крестьянского хозяйства, расположенного на территории города Аркалыка, село Фурманово, Костанайской области.

Покупная цена вносится в течение 5 календарных дней после проведения торгов.

Торги состоятся 28.03.2015 года в 12.00 ч. по адресу: город Аркалык, проспект Абая, 43. Заявки принимаются в рабочие дни в срок до 17.00 ч. 26.03.2015 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, Костанайский район, пос.Затобольск, улица Школьная, 52/2 тел. 87078053724.

"Қамысты ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Қамысты а., Ержанов к-сі., 61, 317 каб, анықтама телефондары: 21-3-37 факс: 21-0-63, электрондық мекенжайы kamysty@kostanay.gov.kz) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

"Қамысты ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы (санаты Е-Р-4) лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарға байланысты - 56376 теңгеден - 76235 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Ауданның барлық бюджеттік бағдарламалары бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуына болжам жасауға қатысу.

Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына бюджеттік кредиттер мен көтерме ақы бойынша "Мамандарға әлеуметтік қолдау ұсыну бойынша шараларды іске асыру" мемлекеттік қызметті көрсету. "Азаматтардың өтініштері" бағдарламасын жүргізу. СНП өлеуетті дамуын анықтау, өңірлерді даму бағдарламасына ауысуды құрастыру. СНП өңірлерді даму бағдарламалар бойынша мониторингі және есеп. Кірістер көздері шеңберінде үш жылдық кезеңіне кірістер болжамды жасау. Кірістерді жоспарлау үшін мәлімет базасын жасау және ақпаратты жинауды іске асыру. Кірістер түсімдерінің динамикасын есепке алу. Жүктелген мемлекеттік қызмет көрсетулерді ашық және сапалы қамтамасыз ету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары экономикалық, бухгалтерлік, қаржылық; Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі (экономикалық, бухгалтерлік, қаржылық) барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

туралы",

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі);

Көрсетілген құжаттарды конкурс-

тың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Қамысты ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай бойынша: Қамысты ауданы, Қамысты ауылы, Ержанов к-сі, 61 ұсыну қажет.

Конкурстық комиссияның қарауына азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берілген (құжат тігілетін мұқабаға салынған, құжаттардың тізбесін көрсетуімен) құжаттары қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** "Қамысты ауданы әкімі аппараты" ММ-де өтеді.

Конкурс комиссиясының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және әкімшілік-қаржылық өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады. Байқаушы ретінде конкурс комиссиясына қатысу үшін тұлғалар, әңгімелесудің басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Қамысты ауданы әкімінің аппараты" ММ-нің персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Еске алу

Какон, Матик... Бір-біріне тете өскен қос азамат – **Қасқырбай мен Мұратты** туған-туыс, дос-жарандары еркелетіп осылай айтушы еді. Екеуі де қарапайым ауыл баласына тән мінезбен ата-ана, туыс-бауырға мейірімді, достыққа адал азаматтар болып өржетті. Ер жігітке тән қайсар мінезден де кенде емес еді. Әттең, дүние, маңдайға сыймады. Мұрат 21 жасында, Қасқырбай 38 жасында өмірден өтті.



Мұрат қазаға ұшырағанда Қасқырбай 24 жаста, Астана қаласында беделді қызмет атқарып жүрді. Азамат болған ұлынан қапыда айырылып бөлі бүгілген ата-анасының басын сүйеп, көңілдерін жұбатты. Сол қаралы күн, қайғылы сәт уақытпен алыстап, жүрек жарасы жазыла бастағанда, біздің отбасымызды тағдыр тағы да ауыр сынаққа салды. 38 жасында бүкіл әулетінің арқа сүйері болып отырған Қасқырбай кенеттен ажал құшып, қабырғамызды қайыстырды. Жылағаннан, қайғырғаннан қайыр жоқ. Жүрек езіліп тұрса да, еңсемізді тіктедік, бөлімізді бекемдедік. Екеуінің де артында ізі – қос қызғалдақ қыздары Диана мен Аяулым қалғанына шүкіршілік қылдық.

Егер тірі болғанда 16 наурыз күні Қасқырбай 40 жасқа, ал 19 наурызда Мұрат 37 мүшелге толып, қос қуанышқа кенелер едік. Бірақ тағдырдың жазуы басқаша болды. Осы атаулы күндердің қарсаңында қос бауырымызды сағынышпен еске аламыз. Сендер көрмеген қызық пен сендер сүрмеген ғұмырды ұрпақтарыңа бұйыртсын. Жандарың жәннатта болсын....

Еске алушылар: Нұрғазиндер әулеті.

Еске алу

Қош, қайран әке!

Жылдың басы 8 ақпан күні ардақты әкеміз, асыл жар, сүйікті ата **Мұхамбетүәли Жолаушыбайұлы** 67 жасында дүниеден озды. Амал қанша, ажалға кім қарсы тұра алған...

Марқұм әкемізді қимас көңілмен соңғы сапарға шығарып салдық. Әке, сіздің жарқын бейнеңіз біздің жадымызда мәңгі сақталады. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын.

* * *

Ағайын-туыс, жекжат-жұрағат, ел ағалары, жора-жолдас, құда-құдағилар, достарға Мұхамбетүәли Жолаушыбайұлының қырқына байланысты Рудныйда "Қуаныш 3" кафесінде (Топорков көшесі) 21 наурыз күні сағ. 12-де ас берілетінін хабарлаймыз.

Еске алушы: Жұбайы, балалары.



ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ТҮРМЫС

Жүргіншіні соғып кетті

Жыл басынан бері облыс аумағында жүргіншілердің қатысуымен 44 жол-көлік оқиғасы тіркелді.

Апаттардың салдарынан 5 адам қаза тапты және 42 адам әртүрлі дене жарақатын алды.

9 наурыз күні полицияға келген 27 жастағы рудныйлық бір адамды көлікпен соғып, жазым өткенін мәлімдеді. Ол "Рено Меган" автокөлігімен келе жатып бағдаршамның қызыл шамына қарамай, өтпе жолдан өтіп бара жатқан жүргіншіні соғып кеткен. Жүргіншінің алған жарақаты ауыр болып, сол жерде жан тапсырған.

нын көрген ол оқиға болған жерден кетіп қалған. Келесі күні полицияға өзі келіп, кінәсін мойындаған. Аталмыш факті бойынша алдын ала тергеу жүргізілуде. Күдікті ешқайда кетпейтіні туралы қолхат берді.

"Тұрмыс" жедел-алдын алу шарасы өтті

"Тұрмыс" жедел-алдын алу шарасының барысында полицейлер тұрмыста құқық бұзушылық жасаған 302 адамды әкімшілік жауапкершілікке тартты.

Олардың 21-і балаларын тәрбиелеуге тиісінше көңіл бөлмеген ата-аналар.

Жалпы, мақсатты шара барысында тәртіп сақшылары ішкі істер органдарының есебінде тұрған 9 мың адамды тексерді. Әсіресе, тәрбиеге қолайсыз отбасыларға баса назар аударылды. Ішкілікке салынып, балаларының тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналардың үйлерін аралаған учаскелік инспекторлар алдын алу жұмысын жүргізді. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар мектептерде болып, оқушылардың құқықтық сауатын арттыру мақсатында 300-ден астам лекция оқыды. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін полицейлер кең ауқымды алдын алу жұмыстарын жүргізді.


ОИД баспасөз қызметі.

ІЗДЕУ САЛАМЫЗ

17 жастағы жасөспірім жоғалды

Қостанайда ай-күннің аманында тағы да адам жоғалды. 17 жастағы Арлан Маратұлы Жүсіпов 2 наурыз күні үйінен шығып кеткеннен қайта оралмаған.

Туыстары полицияның кезекші бөліміне тек 5-ші наурыз күні ғана шағым түсірген. Із-түзсіз жоғалып кеткен жасөспірімді қазір тәртіп сақшылары іздегіріп жатыр. Әзірге еш нәтиже жоқ. Бауыр еті-баласынан қапелімде көз жазып қалған ана жанарын жасқа шылап, біздің редакциямызға да келді. – Арлан үйдегі алты баланың ең кенжесі. Ол қаладағы №21-ші мектептің 7-ші сыныбында оқиды. Сабақ үлгерімі жақсы. Өнерге бейім.



Мектепішілік мәдени-көпшілік шаралардың бел ортасында жүретін, – дейді Арланның анасы Гүлмайра Жүсіпова. – Сол, 2 наурыз күні, сағат 15.00 шамасында кітапханаға барамын деп үйден шығып кеткен. Содан бері күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылдым, қарағым!

Арланның бойы 165 см., арықша келген. Шашы қара, қысқа. Көзі көкшіл. Үстіне сұр түсті джинси, қара түсті кроссовка, "Армани" деп жазылған қара түсті бас киім киген.

Егер де Арланды көрген-білген азаматтар болса 102 немесе 52-62-18 телефонына хабарласуларыңызды сұраймыз.

Махаббат БЕКБАЙ.

● СПОРТ

Ұйымшылдықтың
үлгісін көрсетті

Жақында Аманкелді ауданында волейболдан өмірден ерте озған Бағдат Аманжоловты еске алуға арналған турнир болып өтті. Оған аудан орталығы және ауылдық округтерден тоғыз команда қатысып, жалпы саны жүзге тарта спортшы бақ сынады. Жарыс айналым жүйесі бойынша өткізілді. Алғашқы топ Бағдаттың өзі оқыған Аманкелді орта мектебінің спорт залында ойнаса, екінші топтың спортшылары Ы.Алтынсарин атындағы мектептің ойын базасында жиналды. Тиісінше Жалдама мен Байғабыл ауылы және Ы.Алтынсарин орта мектебі құрамасы мен «Жолдастар» командалары жартылай финалда кездесті.

Ақтық ойында ұлт ұстазы атындағы мектептің оқушылары мен Бағдаттың достары кездесті.

Тартысты өткен ойын «Жолдастардың» пайдасына аяқталды. Жалдамалық құрама Байғабылдан келген жас волейболшыларды ұтып, үшінші орынға ие болды. Айта кетерлігі, финалдық кезеңге шыққан барлық командалар сыйлықсыз қалған жоқ. Ал бірінші орынға ақшалай сыйлықпен қатар бір қой және тоңазытқыш табыс етілді. Осы турнирге Бағдаттың туыс-туғандары, ұстаздары мен достары демеушілік жасады. — Соңғы кездері Аманкелді ауданы көлемінде еске алуға арналған спорттық жарыстар сиреп кеткен еді. Бағдатты еске алайық деген бастаманы достары көтерді. Олардың ұйымшылдығына шексіз ризашылығымды білдіремін, — дейді әкесі Қайрат.

Волейболшылардың арасында да өзара үздіктер анықталды. «Үздік ойыншы» болып Дастан Тұрсынов («Жолдастар») танылса, қорғаныста шеберлік танытқаны үшін Нұрбек Мәкімжанов (Ы.Алтынсарин орта мектебі) марапатталды. Шабуылда ширақ қимылымен көзге түскен Дүйсенбай Мұса (А.Нұрманов орта мектебі) көптің қошеметіне ие болды. Волейболда тосқауыл қоя білу нағыз өнер екені рас. Жалдамалық Бердібек Қайырбек осы тұрғыда «Үздік тосқауылшы» деп танылды.

Ұйымдастырушылар осы турнирді дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отыр екен. Аманкелдідегі осындай іс-шаралардың қайта жанданғаны қуантады.

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.

● ПАТРИОТТЫҚ АКЦИЯ

Мерейлі мерекелер қарсаңында

Биылғы жыл – тарихи маңызға ие. Ұлы Жеңіске – 70, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ҚР Конституциясына – 20, Абай Құнанбаевқа – 170, Шоқан Уәлихановқа – 180 және Қазақ хандығына – 550 жыл толады.

Дүйсенбі күні «Батыр» стадионында аудандық «Рауан» жастар бастамаларының орталығы мен білім бөлімінің бірлесіп ұйымдастыруымен «Менің елім – Мәңгілік ел!» атты патриоттық акция өтті.

Акцияның ашылуында ҚР Әнұраны орындалып, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Елена Бауэр сөз сөйледі.

Аталмыш шара шаңғы эстафетасы түрінде өтіп, оған қа-



тысқан белсенді жастар ұйым өкілдері, жасотандықтар, жас мамандар, студенттер мен оқушылар, яғни барлығы – 100-ге жуық адам «Мәңгілік ел» эмблемасын жасап, сапқа тұрды. Қолдарындағы көгілдір шарларды бейбіт-

шілік нышаны ретінде аспанға ұшырды. Бұл күні алаңға жиналған жастарды әсіресе, шырқалған патриоттық әндер қатты жігерлендіре түсті.

Руслан ӘЛКЕЕВ.
Сарыкөл ауданы.

2015 жылғы мерейтой күндеріне арналады

2015 жыл бойы Қостанай облысы әкімдігінің мұрағаттар және құжаттама басқармасының бастамасымен көпшілік тыңдаушыларға арналған Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының

20 жылдығына арналған дерістер қатары ұсынылады.

«Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихқа 20 жыл» дерісі ашылады, «Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты» ММ директоры, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты В.Г.

Вишниченко сөз сөйлейді.

Дәріс Қостанай Достық Үйінде 19 наурызда сағат 11-00 болады (мекенжайы: Қостанай қ., Алтынсарин к., 115).

Қатысуға тілек
білдірушілердің бәріне
есік ашық.

● «НАУРЫЗ БАТА» БӘЙГЕСІНЕ

Мәңгілік
Қазақ ел болдық

Құтты болсын әлемге,
Ұлттық наурыз мейрамы.
Көрсек те қанша қиындық,
Азаттыққа сыйындық.
Алла қолдап алашты,
Тәуелсіз Қазақ ел болдық.
Әлемдегі ірі елмен,
Жас та болсақ тең болдық.
Кезінде кеңес тарылып,
Барымыздан кем болдық.
Иегере алмай байлықты,
Қазақ елі жем болдық.
Болсақ та қанша шектеулі,
Қанағат қылдық, талмадық.

Мақсат қойып алдыға,
Тәуелсіздікті жалғадық.
Ту астына топтасып,
Бірлігі берік, көп ұлтты.
Мәңгілік Қазақ ел болдық,
Шүкір дейміз Аллаға.
Қабыл ал, Алла тілекті,
Қуанып мәңгі жүректі.

Монтай АХМЕТШЕҰЛЫ,
еңбек ардагері.

Мәскеулеу ауылы,
Әулиеқұл ауданы.

Өрендеріміз өрлесін!

Еліміз еңселі,
Еңбегіміз еселі,
Жастарымыз жалынды,
Қарттарымыз көшелі,
Заманымыз тыныш болсын!
Егініміз бітім шығып,
Маңдайымызға бақ,

ырыс қонсын!

Өрендеріміз өрлесін!
Биікке шықсын төрлесін!
Жанымызды жаулап,
Ызғарлы жел еспесін.
Ошағымыздың оты лаулап,
Отанымыздың аты өшпесін

Наурыз айындай мейірім берсін,
Атымтай-Жомарттың
пейілін берсін.

Ананың ғазиз жүрегін берсін,
Әкенің мәнді тілегін берсін.
Асыл сөзге тоқтар бол,
Елдің мұңын жоқтар бол.
Ақ кемедей желкенді бол,
Өнегелі, өркенді бол!

Жазың жаңбырлы болсын,
Ұлың сабырлы болсын.
Қызың ибалы болсын,
Бойыңда сенім болсын,
Ойыңда елің болсын.
Дәулет берсін, тақ берсін,
Алла баянды бақ берсін!

Серікбай ОСПАНҰЛЫ.

Қостанай қаласы.

Отыз үздік таңдауымыз!

Қош келіңіз, Әз-Наурыз,
Қош келіңіз, Әз-Наурыз!
Жарық күнді,
Шаттық үнді
Хош көріңіз, Әз-Наурыз!
Шуақ төгіп, күн шығыпты,
Тал, терекке бүр шығыпты.
Дүбірлеген тіршілікті
Дос көріңіз, Әз-Наурыз!
Тоқшылықты, молшылықты
Ескеріңіз, Әз-Наурыз!
Ұлысымыз оң болғай-ды.
Ақ мол болғай,
Айранымыз, қаймағымыз!
Шұбат, қымыз, балдай уыз!
Жер түрленіп, бау гүлденіп,

Жайнай түссін жан-жағымыз!
Ел-халқымыз аман болғай,
Аман болғай аймағымыз!
Ұлдар өссін нар тұлғалы,
Болатындай айбарымыз.
Қыздар өссін күн келбетті,
Әдепті де жайдары жүз.
Елім өсіп, өркендей бер,
Сұңқардай боп самғауымыз,
Орындалғай ойдағымыз.
Әлемдегі ең дамыған
Отыз үздік таңдауымыз!

Сұлтанбек БАЙДРАХМАНОВ,
зейнеткер.
Қостанай ауданы.



Меншік иесі:

“Қостанай тағы” газеті
редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Фототілшілер: 54-73-36
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-39-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
(А) – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.
Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11399. Тапсырыс 563.

Нөмірдің кезекші редакторы: Ш.ҚОҢҚАБАЙ.